

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 152 (9470) | 1954 жылғы 1 август Жексенбі | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІ

Партиямыз бен Үкметіміздің күнбе-күнгі көмегіне және қамқорлығына сүйене отырып, колхоздардың, совхоздар мен МТС-тердің етіншілері мен мал өсірушілері алуан салада ауыл шаруашылығын бүгін таңдағы талаптарға сай өркендету жүресінде орасан зор табыстарға жетті. Ауыл шаруашылығы өндірісін шұғыл өркендету жүресі негізгі екі мақсатқа—елімізде азық-түлік молшылығын жасау, өнеркәсіпті шикізатпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету мақсаттарына бағындырылған. Міне, мұндай игі міндеттерді жүзеге асыру ісінде бүгінгі күні Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде көптеген шаруашылықтар—колхоздар, совхоздар мен МТС-тер өздерінің ерекше зор табыстарын бүкіл еліміздің алдында заңды мақтанышымен көрсетеді.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесін ұйымдастыру жөнінде партиямыз бен Үкметіміз қаулы қабылдағаннан кейін бірден-ақ көрмеге қатысу правосын алу жолындағы социалистік жарыс барлық жерде ерекше қарқынмен өрістей түсті. Бүкіл еліміздегі сияқты біздің облысымыздың еңбекшілері де көрменің ашылу қарсаңындағы социалистік жарыс күндерінде егіншілік мәдениетін арттыру, мал шаруашылығын өркендету жөнінде өздерінің алған міндеттемелерін ойдағыдай жүзеге асырды. Сондықтан да облысымыздың көптеген механизаторлары, мал өсірушілері көрмеге қатысу правосын алып, Москвада Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде өздерінің жетістіктерін бүкіл еліміздің еңбекшілері алдында көрсетіп, баяндайтын болды. Облысымыздың көрмеге жекеленген адамдар ғана емес, сол сияқты, тұтас шаруашылықтардың коллективтері қатысады.

Бұл жөнінде Мамлют асыл тұқымды мал совхозын (директоры Дворецкий жолдас) мысалға алуға болады. Совхоз коллективі 1953 жылы әрбір сауын сыйырдан 4 мың литрге жуық сүт алынуын қамтамасыз етті. Әрине, бұл істе қатардағы мал өсірушілердің, зоотехниктер мен мал дәрігерлердің, Жамал Веснова сияқты бүкіл облысымызға өйтілі талдаулы сауыншылардың ерекше зор ролі атқарғанын айта кету қажет. Совхоз коллективінің мұндай күрделі табысқа ие болуының негізгі сыры мал шаруашылығын және оның өнімділігін арттырудың озат әдістерін жергілікті жағдайға байланысты қолдана білуінде болып отыр.

Жалғыз бұл совхоз емес, Петропавл ауданындағы Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің товарлы-сүт фермасы, Тоқтин совхозының мал өсірушілері, әсіресе, сүт өнімдерін мол алу, оның майдылығын жоғары болуына жетісу арқылы көрмеге қатысуға право алды. Сонымен қатар, аталған шаруашылықтардың мал өсіруші озаттары мал шығынына да жол берген жоқ. Бұлардың жетістіктері облысымыздың барлық колхоздары мен совхоздарының мал өсірушілеріне үлгі болуға тиіс.

Газетіміздің бүгінгі санында жарияланған отырған Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің директоры академик Н.В. Цириновтың мақаласында Конохов ауданындағы «Путь Ленина» колхозының пшенисін терең зерттеуге лайық өкпенді алап көрсетілген. Аталған ауылшаруашылық артелі соңғы

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА

ЦИКЛ АЛУ ГРАФИГІ БОЙЫНША

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Кеншілердің еңбегін ұйымдастырудың прогрестік әдісі—цикл алу графигі Қарағанды шахталарында осыдан үш жыл бұрын енгізіле бастаған еді. Кәзір барлық лавалардың тең жарымы осы графигі бойынша жұмыс істейді.

Жданов атындағы шахтаның коллективі ұзын лаваларда тәулігіне 1.000 тоннадан аса көмір шығаруға мүмкіндік беретін көмір қулатудың цикл алу графигінің меңгерді. Мұның нәтижесінде шахтаның жобалық қуаты анағұрлым арттырылды, әрбір тонна көмірдің өзіндік құны 2 сом кемітілді.

Калинин атындағы шахтаның кеншілері жоспардан тыс отын шығару жөніндегі жылдық міндеттемесін кәзірдің өзінде орындады. Мұнда бір тәулікте шығарылатын көмірдің орта мөлшері жыл басындағымен салыстырғанда 100 тонна артты. Кәзір әрбір шахтер көмірді ташсырмадағыдан 4 тонна артық шығарады. Калининдіктер бұл табысқа «Донбасс комбайндары» пайдалана отырып, тығыздатылған цикл алу графигі бойынша жұмыс істеудің нәтижесінде жетті.

№ 31 шахтаның коллективі аса зор табысқа ие болды. Ол жыл басынан бері жоспарға қосымша ондаған әшелон отын жөнелтті. Кәсіпорынның жобалық қуаты 30 процент арттырылды. Шахтада бір тәулікте шығарылатын көмірдің орта мөлшері цикл алу графигі алғашқы рет енгізіле бастаған 1951 жылдағымен салыстырғанда 22 процент, комбайндардың жұмыс өнімділігі екі есе, ал кеншілердің еңбек өнімділігі 41 процент артты. Шахтаның Григорий Ворона басқаратын участогі екі «Донбасс» комбайнымен айына 50 мың тоннаға дейін көмір өндіреді. Участок кеншілері бес күнде 6 цикл алуды көздейтін тығыздатылған графигі бойынша жұмыс істейді.

АЛҒАШҚЫ БАСТЫРЫЛҒАН АСТЫҚ—МЕМЛЕКЕТНЕ

УЗЫНАҒАШ, (Алматы облысы). (ҚазТАГ). Жамбыл ауданының колхоздарында дәнді дақылдар жашпай жыйнала бастады. Ауылшаруашылық артельдері алғашқы бастырылған астықты мемлекетке тапсыруда. Киров атындағы және Аман-

Түскі тағам механизаторлардың заказы бойынша әзірленеді

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Термостар терең машина тың көтеріп жүрген «ДТ-54» тракторына жақындап келіп тоқтады. Тракторшы мен тіркеуші ертеңгі тамақ ішті. Бұдан кейін бригаданың аспазшысы Анна Тисленко механизаторлардан түсте қандай тамақ ішкілері шелетінін сұрады. Механизаторлардың заказы бойынша сибырь пельмендері пісірілді.

Мақпін МТС-інің № 34 трактор бригадасы шалғай жатқан Шаброды даласында тың жерлер кырттып жүр. «Завет Ильича» колхозының орталық ұсадыбасы—Прохорова посевкесі бұл арадан 100 километр жерде орналасқан. Бірақ, тракторшылар азық-түліспен тоқтаусыз қамтамасыз етіледі. Бригадада көмекші шаруашылық құрылған. Ауылшаруашылық артелі 5

сауын сыйыр, ондаған қой бөдді. Кухна қалдықтары шоңқа өеміртуге пайдаланылады. Бригаданың өз құстары бар. Сондықтан бригада кухнясының әзірлеген тағамдарының аттары жазылған тізімде жұмыртқадан және құс етінен пісірілген тағамдардың аттарын жәні жездестіруге болады. Тракторшыларға қымыз да беріледі. Механизаторлар үш рет тамақтанады. Оған қоса егіс даласына таңертең жейтін жеңіл тамақ әкелінеді. Сменаға кіріскен тракторшылар мен тіркеушілер аспазшыдан ыстық шай, сүт, қымыз күйылған термостар алады.

№ 34 трактор бригадасы машина-трактор станциясының Қызыл Туына ие болып, жылдық тапсырмадан тыс тың жерлерде.

Қала халқы жаппай шөп шабуға шығуда

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Быйыл Ертіс бойының далалығында, шалғындарда, тау бөктерлерінде шөп қалың және биік болып өсті. Оны жыйнауда семейліктер колхозшыларға зор көмек көрсетіп отыр. «Большевичка» тігін фабрикасының жүзден аса жас жұмысшылары өткен жексенбіде Жаңасемей ауданының «III Интернационал» колхозында болып шөп шапты. Тігіншілер өз қамқорлығындағы ауылшаруашылық артелінде 1.000 гектар жердің шөбін жаялауға, 30 тонна

жай жемшөпті фермаларға тасып беруге міндеттенді.

Әр жексенбі сайын қала халқы колхоздарға шығып тұрады. Семейдің барлық кәсіпорындары мен мекемелерінің қызметкерлері Жаңасемей, Новоокров және Ново-Шульба ауданының ауылшаруашылық артелдерінде шөп шабу жұмысына қатысуда. Қала кәсіпорындарының автомашиналары жемшөпті мал қыстайтын орындарға тасуда.

Көздетін суарылған жерлердің шөбін екінші рет шабу

БАЙҒАДАМ, (Жамбыл облысы). (ҚазТАГ). Жданов атындағы ауылшаруашылық артелінің көздетіліп суарылған жерлерінде шөп қалың өсті. Мұнда шөп алғашқы рет май айында жыйналды, одан кейін бұл жерлер тағы да суландырылды. Кәзір бұл учасктерде шөп екінші рет шабылып жатыр. Әр гектардан 12 центнерден пішен алынады. Бегұлы Абайлдаев басқаратын комсомол-жасар

трактор бригадасы кәзірдің өзінде колхоздың бүкіл қоғамдық малын қорада күтуге жететін мөлшерде жай жемшөп дайындады.

Сталин атындағы, Калинин атындағы, Ленин атындағы, «Коммунар» ауылшаруашылық артельдерінің суарылған табиғи шалғындарында шөп бірінші рет шабылғаннан кейін қайтадан жақсы өсіп, мол өнім берді.

Жылжымалы жабдық қырмандар

ӨСЕМЕН (ҚазТАГ)

Бүгін Москвада Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі ашылады.

Социалистік ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлыларына—көрмеге қатысушыларға жалынды сәлем!

СОВЕТ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ ДАҒҚТЫ МЕРЕКЕСІ

Бүгін советтік теміржолшылар күні.

Бұдан 20 жылдай бұрын—1935 жылы Коммунистік партия мен Совет Үкметі елімізде жыл сайын Бүкілодақтық теміржолшылар Күнін өткізіп тұру туралы қарар қабылдады. Содан бері август айында теміржолшылар күнін мерекелеу дәстүрге айналды. Өздерінің даңқты мерекесі күні Совет теміржолшылары өзінің сүйікті Отанына, туысқан Коммунистік партиясы мен Совет Үкметіне өздерінің темір жол транспортындағы табыстары туралы рапорт береді, өткен жылғы жұмыстарына қорытынды жасайды.

Ұлы Лениннің ісін алға апарушы И.В.Сталин жолдас қуатты теміржол транспортымызды СССР-ның мемлекет есебінде өмір сүруі мүмкін емес, деген болатын. Өйткені, көптеген аудандарымыз бен облыстарымызды біртұтас етіп байланыстыра алатын темір жол транспорты ғана.

Темір жол транспортына берілген бұл бағаны күнбе-күнгі өмір әбден дәлелден отыр. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің басшылығы және күнделікті қамқорлығы арқасында еліміз қуатты темір жолы бар елге айналып отыр. Совет өкметі жылдарында болат жолдар сеті анағұрлым өсті. Кәзір темір жолдың жалпы ұзындығы 120 мың километр болып саналады.

Сөйтіп, ұлы Отан соғысы басталар алдында еліміздің ойдағыдай жабдықталған темір жол транспорты болды, ал, мұның өзі соғыс жүктерін тасымалдау жөніндегі міндеттердің қалтқысыз орындалуын қамтамасыз етті. Соғыс жылдарында біздің темір жолдарымыз тасымалдаған жүктерді бірде-бір басқа елдің темір жол транспорты тасымалдай алмасқа тиіс.

Соғыс жылдарында гитлершілер 64 мың километр темір жол полотнасын талқандады, ондаған мың паровоздар мен вагондарды қыратты, сөйтіп, транспортымызға зор зыян салды. Бірақ, партияның, мемлекет пен бүкіл халқымыздың күнбе-күнгі қамқорлығы мен үздіксіз көмегіне сүйенген даңқты теміржолшыларымыз бүгінгі темір жол полотнолары мен паровоз және вагондарды, темір жол бойындағы құрылыстарды тез қалпына келтірді және жаңадан темір жолдар салып та үлгерді.

Сөйтіп, соғыстан кейінгі жылдары темір жол транспортымыз жаңадан қуатты дамыды, темір жолдарымыз қуатты техникамен жабдықталды, транспортқа электр қуаты кеңінен енгізілді. Соғыстан кейінгі алғашқы бесжылдық жылдарында бес мың километрдей темір жол электрлендірілді.

Ал, жаңа бесжылдықта темір жол транспортымыз оған да өрі тамып шеледі. Бұл бесжылдықта жүк айналымы 1950 жыл мен салыстырғанда 35-40 процент артады. Кәзір теміржолшыларымыз осы міндетті аброймен орындауға жаппай күш жұмсаулы. Олар жүк тасу ісін, әсіресе, халық тұтынатын жүкті тасуды жақсартта түсті.

Бесжылдықтың өткен үш жылы ішінде Сталинек—Ақмола, Чарджоу—Ургенч, Мойшыты—Шу жолдары түпкілікті пайдалануға берілді. Бұл жолдардың ашылуы жаңа мөңгерілген аудандарға өнеркәсіпті оңай өмір сүретіндеріне және

жерлерді игерді. Яғни бұл қолхоз облыстағы ауылшаруашылық артелдерінің ішінде алғашқыларының бірі болып тың жерлерді игеру арқылы астық өндірісін шұғыл өркендетуге болатындығына нақтылы іспен дәлелден берді. Өткен жылы егін алаңының едәуір бөлегінде «Путь Ленина» колхозының әрбір гектардан 32 центнерден астам дақылдар жыйнағандығы бұған айқын дәлел бола алады.

Әресе, қазір, тың және тыңайған жерлерді игеру және сол арқылы астық өндірісін шұғыл арттыру күресі бүкілхалықтық іске айналып отырған кезде, облыстың басқа колхоздарында жоғарыда аталған ауылшаруашылық артелінің тәжірибесін кеңінен тарату қажет.

Быбылығы көктем астық үшін күрестегі ерекше зор көлемді жұмыстар көлемі болды. Облысымызда тың және тыңайған жер игеру ісіне ат салысқан бірде-бір колхоз және бірде-бір совхоз болған емес. Бірқатар совхоздар, трактор бригадалары қазірдің өзінде тың жерлерді игерудің жылдық тапсырмасын асыра орындады. Образцовая МТС-нің қамтуындағы Иван Попов жолдас басқарған комсомол-жастар трактор бригадасының мүшелері тың жерлерді игерудің жылдық тапсырмасын 120 процент орындап шықты. Сондықтан да ол Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу правосын алды. Бұл—кішікентай коллективтің ұйымшылдығының, техника қуатын мейлінше сарқа пайдалануға жетілгендігінің, еңбектегі совет адамдарына тән қажырлылығының нәтижесі.

Облысымызда егін жыйнаудың және астық бастырудың озаттары көптеп саналады. Петр Пономарев, Лидия Хельченко жолдасар сыяқты таңдаулы комбайншыларымыз ауылшаруашылық көрмесіне қатысады.

Социалистік Еңбек Ері Пономарев жолдас жыл сайын егінді қысқа мерзімде, ықпалсыз жыйнау жұмысында жоғары көрсеткіштерге ие болып келе жатқан болса, Мамлют совхозының 12 жылдан бері сұмыс істеп іселе жатқан маңдай алды комбайншысы Лидия Хельченко да өзінң қажырлы еңбегімен көрмеге қатысу правосын жеңіп алды. Ол 1952 жылы «Сталинец-6» комбайнымен 700 гектар жердің егінін жыйнап, 7 мың центнерге жуық астық бастырды. Бұл үшін үкмет оны Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады. Ал, өткен жылы орденді комбайншы әйел 780 гектар алаңның егінін жыйнап, 9 мың центнер астық бастырды.

Міне, мұндай табыстар жергілікті партия ұйымдарының күнбе-күн басшылық жасауының арқасында кеңінен өрістетілген социалистік қарыстың, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің еңбектегі қажырлылығы мен творчестволық инициативасының, совет адамдарының еліміздің экономикасын онан сайын өркендету жолындағы патриоттық күресінің нәтижесі. Олай болса, қол жеткен көрнекті табыстарды баянды ете отырып, партиямыз бен үкметіміздің бүгін таңдағы талаптарына сай ауылшаруашылық өндірісінің жаңа қарқынмен өркендетілуі жолында тынбастан күрес жүргізілуі керек. Бұл күрестің барысында озат тәжірибені барлық шаруашылықтардың өндірісіне батыл енгізу және кеңінен насихаттау шешуші роль атқарады. Ал, бұл міндетті қалтқысыз жүзеге асырушылар жергілікті партия, совет ұйымдары және ауылшаруашылық органдары болуға тиіс. Еліміздің астанасы Москвада бүгін ашығалы отырған Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің де негізгі мақсаты осы.

Н. И. Фабриков жолдасқа Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген дәрігері құрметті атағын беру туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының
Указы

Халық денсаулығын сақтау саласында ісіндірген еңбегі үшін Гүрбет қалазық ауруханасының хирургі Иван Иванович Фабриков жолдасқа Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген дәрігері құрметті атағы берілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Н. ОҢДАСЫНОВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары
Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 30 июль, 1954 жыл.

қалдағы астық қорындарының өзінде дайындау пунктіне жаңа егіннің алғашқы 100 центнер астығын жеткізді. Сталин атындағы, «ХХХ лет Казахской ССР», Жамбыл атындағы, Ленин атындағы, «Работник» және басқа колхоздар Заготзерноның Шамалған пунктіне астық тасуда.

МАРТӨК (Ақтөбе облысы). (ҚазТАГ). Мартөк ауданының «Победа» колхозы жаңа егіннің астығын мемлекетке таулықтік график бойынша тапсырады. Артельдің егіс даласында комбайнмен егін жыйнаудың шебері Василий Даниленко жұмыс істейді. Ол «Сталинец-6» комбайнымен күніне 22-25 гектар егін орады. Астық комбайндардан автомашинаға тиеліп, қырманға тасылады, мұнда ол мұқият тазартылып, келтіріледі және сол күннің өзінде ақ элеваторға жөнелтіледі. Колхоз мемлекеттің қоймаларына кәзірдің өзінде 7 мың дүттай астық кұйды.

Мартөк ауданының басқа ауылшаруашылық артельдері де мемлекетке астық тапсыру жұмысын ойдағыдай жүргізуде. Энгельс атындағы, Маленков атындағы, Калинин атындағы колхоздар элеваторға астық тасу графитін күн сайын орындап келеді.

қолданып жататындары тұңғыш жылжымалы жабық қырман жасады. Мұның жобасын инженер Братчик бастаған, кәсіпорының бір топ мамандары жасады.

Қырман жасауға металл қалдықтары пайдаланылады. Қырманның ұзындығы 30 метр, көлденеңі 6 метр, салмағы 700 килограмм. Оны үш адам онша қыйнап

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫНЫҢ БРИГАДАСЫНДА

ШҮЧБЕ (Көкшетау облысы). (ҚазТАГ). Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Антонина Бережная жолдас басқаратын техниканы мол өнімді пайдаланудың шебері ретінде белгілі. Веденовек МТС-інің Антонина Бережная жолдас басқаратын трактор бригадасының механизаторлары жыл сайын жұмсақ жер есебімен алған

ОТАРДАҒЫ МАЛШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚҰРАСТЫРМАЛЫ ҰЙЛАР

ИЛЬИЧ (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Қазіргеселенстрой құрылыс тресінің Жетісай заводы отардағы малшыларға арнап құрастырмалы-жыйналмалы үйлер жасап шығаруды игерді. Үй-

және жүк автомашинасымен немесе екі арбамен бір орыннан екінші орынға тасуға болады.

Өскеменнің металлургтері жылжымалы жабық қырманның чертеждерін Лениногор мен Зырянның кәсіпорындарына жіберді. Олар облыс колхоздарына қамқорлық көмек ретінде осындай 100 қырман жасап беруді ұйғарды.

да 15 аттық күші бар әрбір трактормен кемінде 1.000 гектар жер жырттып, өңдейді. Озат коллектив өткен жылы өңделген дөңді дақылдардың әр гектарына өздері қамтыған Киров атындағы артель колхозшыларының 28,2 центнерден өнім алуына көмектесті.

лердің қабырғалары, төбесі және шатыры қамыс шөмдерінен жасалады.

Шверник атындағы, Абай атындағы, «Путь к коммунизму» колхоздары малшыларға осындай үйлер жасап берді.



Суретте: Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің ашылуына жүріп кеткен Ленин ауданының кандидаттары мен экскурсанттарының бір тобы. Оңнан солға қарай: Торангүл совхозының гурт бастығы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты **Б. Филькина**, Явленко совхозының кеңалымды шөп машинасының машинисі **И. Корабельников**, «Новый путь» колхозының бұзау өсірушісі комсомолка **Е. Максимова**, «Путь социализма» колхозының сауыншысы **В. Саютина**, Пушкин МТС-нің кеңалымды шөп машинасының машинисі **Н. Красноцеков** және «Новый путь» колхозының сауыншысы **П. Кретинина**.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Біздің теміржолдарымызда автомат мен телемеханика мен өріс алғалы отыр. Соңғы кезде автоблокировка және диспетчерлік қызметті бір орталыққа бағындырудың көлемі едәуір артты. Сондай-ақ, Оралда, Сибирьде, Кавказда, Москва, Ленинград, Киев, Рига жолдарында темір жолдарды электрлендіру көлемі өткен бесжылдықтағыдан төрт есе артық болады. Кәзір электрлендірілген темір жол сегінің ұзындығы 1000 километрден асады.

Темір жолдарды қайта құру, жаңа техниканы онан әрі батыл енгізу жөнінде жүргізіп жатқан зор жұмыстар, сол сыяқты, теміржолшылар арасында жарыстың кеңінен өрістетілуі, теміржолшыларымыздың творчестволық инициативасы транспорттың жұмысын онан әрі дамытуды және атығурлым жақсартуды қамтамасыз етті. Осының нәтижесінде жүк тасу жолапы 1953 жылы тиеу жөнінде 101 процент, ал, тоннакілометр жөнінде—101,1 процент орындалды. Өткен жылы 1952 жылмен салыстырғанда жүк тиеу мөлшері 7 процент молайды.

Кәзір Совет Одағы шын мәнінде ұлы темір жолды елге айналып отыр. Бұған мына мысал толық дәлел. Кәзір бір ғана Омск жолының жүк айналымы Англияның, Бельгияның және Голландияның тұтас алғандағы жүк айналымына, ал, Томск темір жолының жүк айналымы Түркия мен Жапонияның жүк айналымына тең.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі біздің теміржолшыларымыздың тұрмыстық және мәдениет дәрежесін барған сайын жақсартуға үздіксіз қамқорлық жасап келеді. Теміржолшылардың еңбекақысы өсе түсуде, олардың тұрғын үй жөніндегі қажеттері тыңғылықты өтеуде, теміржолшыларды азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен жабықтау да жылдан-жылға жақсара түсіп отыр.

Совет Одағында темір жол транспортының жұмысы бүтіндей өзінің социалистік мемлекетінің мүддесіне бағындырылған. Біздің еліміз темір жолдар салу бұрын артта қалған аудандардың шаруашылығы мен мәдениетін өркендетудің қуатты факторы болып саналады.

Мұны өз республикамыздың, облысымыздың мысалынан айқын көріп отырмыз. Бұрын патшалық Россияның шаруашылық және мәдениет жөнінен артта қалған шет аймағы болған Қазақстан, қазір индустриялы-колхозды ірі республикаға айналды. Мұнда соғысқа дейінгі бесжылдықтың туңғышы Түрксиб салынды, бұдан кейін Петропавл—Ақмола—Балқаш, Ақмола—Қараты, Гурьев—Қандағаш—Орск, Рубцовка—Риддер—Мойынты—Шу тағы да басқа жолдарымыз бар. Бұл жаңа жолдар республикамыздың облыстары мен аудандарының бір-бірімен тығыз экономикалық байланыс жасауын күшейтеді, социалистік Қазақстанның өркендеп, гүлденуіне көмектеседі.

Бүкіл еліміз бен республикамыздың теміржолшылары сыяқты Петропавл төрабының теміржолшылары да бұл міндетті аброймен орындауға кірісті. Торап паровозшыларының көпшілігі қазір ауыр жүк тасушылар. Олардың үнемідеген отындары да аз емес. Газетіміздің бүгінгі санында жарияланған отырған материалдар жалғыз паровозшылардың ғана емес транспорттағы көптеген басқа мамандықтардың адамдарының үкмет пен партияның қамқорлығына қажырлы еңбекпен жауап беруге жанпай жұмылғы отырғандықтарын дәлелдейді.

Міне, данғы теміржолшылар Күні еліміздің теміржол транспортының қол жеткен табыстары осындай. Ал, бүгінгі даңқты мереке Күні теміржолшыларымыз еліміздің халық шаруашылығының барлық салаларын онан сайын өркендете беруге барлық күш мүмкіншіліктерін жұмсауға серт береді.

Колхоздарда 20 миллион гектар дөңді дақылдар жыйналды

Еліміздің көптеген аудандарының даласында жанпай егін жыйнау бастады. Орта Азия республикаларында және Закавказьеде, Украинада, Россия федерациясының оңтүстігінде, Поволжьеде дөңді дақылдар ору қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр. Еліміздің орталық және солтүстік-батыс аудандарының колхоздары, МТС-тері мен совхоздары егін жыйнауға кірісті.

25 июль е дейін колхоздар даласында өткен жылғы осы уақыттағыдан 2,5 миллион гектардан артық 20 миллион гектардан астам алаңның егінін жыйнап берді.

Бүгін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі ашылады

1200 бұзау өсірдім

Менің «Парижская коммуна» колхозында (Полудень ауданы) бұзаушы болып істегеніме 20 жылдан асты. Осы мерзім ішінде 1200 бас бұзау өсірдім. 1952 жылы 52 бұзауды, ал, өткен жылы 57 бұзауды шығынсыз өсірдім. Бұл екі жыл ішінде әрбір бұзаудың тәуліктік салмақ қосуы орта есеппен алғанда 730-750 грамм болды. Мен жаңа туған бұзауларды қабылдап алуға ерте өзіндік жасаймын. Бұзау үйінің клеткаларын дезинфекциядан өткіземін.

Әрбір бұзау туғаннан кейін бұзау үйіне алынады да, астына сабаңнан жылы жұмсақ төсек салынып, бөлек бағылады. Алғашқы 6-7 күнге дейін бұзауға күн сайын өз енесінің сүті беріледі. Ал, 15-20 күннен кейін бұзауларға басқа есейген айырлардың да сүтін береміз. Содан кейін 10 күн бойына әрбір бұзауға күн сайын берілетін қаймағы алынбаған сүтке 250 грамм қаймағы алынған сүт қосып беріп отырамын. Сөйтіп, бұзауға берілетін сүт сүт мөлшері бірте-бірте көбейтіледі. Ал, бұзаудың алынғанына 25—30 күн толғанда оларға қаймағы алынбаған сүт беруді тоқтатамын. Әрбір бұзау алты айлығына дейін орта есеппен 200-250 литр қаймағы алынбаған, 600 литр қаймағы алынған сүт ішетін болады.

Қысты күні бұзаулар от жағылмайтын қорада бағылады. Бірақ, бұзаудың жатар орынысыз болмауын, өпек жел соқпауын үнемі бақылап отырамын. Жемшөп бұзауларға норма бойынша беріледі. Қыста бұзаулар күніне бір рет серуенге шығарылады.

Бұзаудың жас организмнің өсіп, жетілетін ең қолайлы кезі — жаз. Мен әр уақытта көктемде күн жылына бастаған кезде-ақ бұзауларды таза ауада күн сайын 10-12 сағат бойы бағуды ұйымдастырып келемін. Бұзаулар үш мезгіл суарылады және үнемі концентратпен азықтандырылады. Осы шараларды мұлтіксіз жүзеге асырудың нәтижесінде мен жыл сайын бұзау өсіруде жақсы көрсеткіштерге ие болып келемін. Менің еңбегім жоғары бағалануда. Соңғы екі-үш жыл ішінде колхоз басқармасы маған қосымша еңбәктері ретінде 8 бұзау және екі төрай берді.

Быйыл менің қарамағымда 74 бұзау бар. Туғанына 6 ай толған 30 бұзауды фермаға аман тапсырдым. Бұл бұзаулардың әрбіреуінің тәулігіне қосқан салмағы орта есеппен алғанда 600-700 грамм болды. Ендігі мақсатым — қалған 44 бұзауды шығынсыз, қолды өсіру. Сөйтіп, колхоздың қоғамдық мал шаруашылығын оған әрі өркендету жолындағы күреске өзімнің үлесімді қосу. Бұл мақсат орынталады да.

Озат тәжрибе ордасы

★
Академик Н. В. ЦИЦИН,
Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің директоры
★

лыған жайқалып өсіп тұрған Мичурин бақшасының аллеяларын тамашалап көреді. Мұнда жеміс ағаштарын алып тұрған алаң 7 гектарға дейін өсті. Бақнада 2300 жеміс ағаштары, көптеген жидек түптері бар. Отандық бақша шаруашылығының барлық табыстары осында.

Біздің елімізде социалистік ауыл шаруашылығының Бүкілодақтық көрмеде көрсететін көрсеткіштері көп. Стендтарда, табиғи экспонаттарда 800 колхоздың, 300 совхоздың, 200 машина-трактор станцияларының және арнаулы станциялардың, 300 мал фермасының, бірқатар ғылыми-зерттеу мекемелерінің, жазашылардың, ауыл шаруашылығының ұйымдастырушылары мен мамандарының тәжірибелері толық және дәйекті түрде баян етіледі.

1954 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің аса бір ерекшелігі сол — мұнда тек қана жеке колхоздардың жашпай табыстары емес, бүтіндей аудандарының да табыстары көрсетіледі. Маңызды мәселе тек мол өнім жыйнау емес, ондай өнімді үлкен егіс алаңынан жыйнау; өнімді малдың жеке түрлерінен ғана мол алуға жетісу емес, сонымен бірге барлық өнімді малдан мол өнім алу.

Еліміздің алдыңғы қатарлы алты колхоз фермалары Москваға толық көшіп барды, олар көрмеде көрсетіледі. Бұл үшін салынған арнаулы үлгілі қораларға 3 сүт-товарлы фермасы: Кострома облысындағы «11 Октябрь» колхозының, Ярославль облысындағы «Горниха» колхозының, Архангель облысындағы «Новая жизнь» колхозының фермалары орналастырылды. Басқа үлгілі қораларда Ярославль облысындағы «Луч коммунизма» колхозының шошқа фермасы, Ставрополь өлкесіндегі «Вторая пятилетка» колхозының қой фермасы мен Мозатов атындағы колхоздың құс фермасы орналастырылды.

Көрмеде колхоз фермаларын орналастыру жерілікті жағдайды орынды пайдалана және істі іскерлікпен ұйымдастыра отырып, қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда шын мәнісінде зор табысқа жетуге болатындығының айқын мысалы. Еліміздің көп миллиондаған түрлі ауылшаруашылық малдарының көрмеге ең таңдаулы түрлері іріктеліп алынды. Мұнда майлылығы 4,1 процент 14.418 килограмм сүт беретін Кострома облысындағы «Баравзено» совхозынан «Схватка» есейіры, бір жылда 11733

терең зерттеуге тұрарлық. Соңғы 3 жыл ішінде колхозда 2000 гектардан аса тың және тыңайған жерлер игерілді. Онда өткен жылы бірсыпыра егіс алаңының әрбір гектарынан 32 центнерден бидай өнімі жыйналды.

Көрме еліміздің, оның әрбір облысының, әрбір одақтас республикасының ауылшаруашылық экономикасында болған негізгі өзгерістерді көрсетеді. Бұл, әрине, жері қара топырақты емес аудандарға, бұрын «тұтынатын губерния» және кедейленген орталық губерниялар» деп аталатын аудандарға жатады. Ауыл шаруашылығы өркендемей артта қалған бұл аудандар совет өкіметі жылдарында мүлдем өзгеріп кетті. Озат колхоздар ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім жыйнап жүр.

Ұлттық республикалардың ауыл шаруашылығы танымастай болып өзгерді. Мәселен, бір заманда «апатты жерлер» деп есептелетін Солтүстіктің жерінде колхозшылар мол өнім өсіруге үйренді. Карел-Фин ССР-нің павильонында Тельман атындағы колхозға көрнекті орын берілген.

Владимир Ильич Ленин тракторлардың ескі жер шаруашылығын батыа түрде жоюда маңызды құрал екендігін көрсеткен болатын. Біздің өнеркәсіміміз социалистік ауыл шаруашылығын мол жабылдықтан отырған бірінші класты ауылшаруашылық машиналары тек қана егін даласында емес, сонымен бірге деревняның бүкіл өмірінде шын революция жасады.

Бұдан 35 жыл бұрын В. И Ленин еліміздің ауыл шаруашылығы үшін 100 мың трактор болса деп арман еткен еді. 1933 жылдың өзінде бұл мөлшер екі еседен астам арттырылды. Ал, енді 5 жылдан кейін, 1939 жылы 5 есе артты. Кәзір елімізде (15 аттың күші бар) 1 миллион 200 мыңнан аса тракторлар бар. Совет Одағының 94 мың колхозы, 4700 совхозы және 9 мың машина-трактор станциялары озат техникамен қаруланған. Біздің Отанымыздың егін даласында 350 мыңнан астам астық комбайндары, зығыр және кендір бастыратын 33 мың комбайн, 11 мың қызылша жыйнайтын комбайн, 24 мыңнан астам мақта жыйнайтын машиналар, 10 мыңға жуық қартон жыйнайтын комбайндар және көптеген басқа да ауылшаруашылық машиналары жұмыс істейді.

«Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрификация» павильонының 26 залында және астық алаңдарда 1200 түрде жуық әртүрлі ауылшаруашылық машиналары мен құралдары қойылған.

Көрмеде еліміздің алдыңғы қатарлы машина-трактор және арнаулы станция-

Жылқы шаруашылығын өркендетудеміз

Біздің колхозда жылқы шаруашылығы жылдан-жылға өркендеп, табысты шаруашылықтың біріне айнауда. Соңғы екі-үш жыл ішінде фермада жылқы саны екі есе көбейді. Кәзір колхозда 400-ден астам жылқы бар. Оның ішінде 130 бие бар. Ферма коллективі 1952 жылы 100 биеден 98 құлын, ал, өткен жылы 110 биеден 104 құлын алып, оларды шығынсыз және күйлі өсірді. Осының арқасында мен Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға право алдым.

Быйыл ферма коллективі өздерінің күш-мүмкіншіліктерін есептей келіп, әрбір 100 биеден 100 құлын алуға, оларды шығынсыз өсіруге міндеттенген еді. Жылқышылардың сөзі мен ісінде айырма жоқ. Алған міндеттеме аброймен орынданды. Кәзір 97 биеден 97 құлын алып, оларды шығынсыз өсірудеміз.

Біз жылқы өсіру жөніндегі жылдық жоспарды бұл мерзімге дейін артығымен орындадық. Бұл — ферма жылқышыларының қажырлы еңбегінің тікелей жемісі екендігінде сөз жоқ. Жылқының жала бойы қоңы төмендеуіне айырықша назар аударып келеміз. Әрине, жазды күні жылқыларды шөбі шүйгін, суы мол жерлерге бағуды ұйымдастырамыз. Ал, қысты күні жылқылардың бәрін де тебіңде зоотехникалық ережелерге сәйкес бағамыз. Көктемнің желді күндерінде, жаздың ыстық айларында, қыстың сал-

қын күндерінде жылқыны ағаш қойнауларында бағуды ұйымдастырдық.

Биелер құлындар алдында қорада күтіледі. Ол биелерге шөптің ең құнарлы түрін беріп, оларды күніне екі мезгіл суарып отырамыз. Ішті биелердің күндіз-түні бірдей тұратын орнының кен. Әрі жылы болуына да көңіл бөлінеді. Ал, бие құлындаған кезде қолданылатын аспаптар мен дәрі-дәрмектер күні бұрын жеткілікті мөлшерде әзірленеді.

Бие құлындағаннан кейін 2 сағаттан соң ғана құлынды енесіне емуге жібереміз. Ал, биені 5-6 сағаттан кейін ғана жемден суарамыз. Құлындағаннан кейінгі алғашқы күндерде биеге азықты көп беруге болмайды. Жемшөпті аздап және әлсіз-әлсіз беруді ұйымдастырамыз. Соңғы екі жылдан бері биелерді айғырлардан бөлек бағуды ұйымдастырды, оларды қолдан шағылтырдық. Бұл биелердің қысыр қалмауына мүмкіндік беруде. Быйыл тұңғыш рет биелерді қолдан ұрықтандыруды қолданып отырмыз. Бұл науқанға ерте күннен тығыздықпен әзірлендік. Кәзір бұл жұмыс ойдағыдай жүргізілуде. Міне, жұмысты осылайша ұйымдастырудың нәтижесінде біз жыл сайын әрбір биенің аман құлындауына, олардан алынған төлдің шығынсыз өсірілуіне жетісіп келеміз.

Қ. ЕРКАЛИН,
Преснов ауданы, «Баян» колхозының аға жылқышысы.

Темекінің әрбір гектарынан 41 центнер өнім

Полудень ауданының Чапаев атындағы колхозы темекіні тұңғыш рет 1953 жылы өсіре бастады. Колхозда арнаулы звено ұйымдастырылып, звено мүшелері сол жылы 25 гектар темекінің әрбір гектарынан 8 центнердің орнына, 41 центнерден өнім алды. Колхоздың темекіден алған табысы ақпандай 300 мың сомға жетті. Звено мүшелері мұндай табысқа темекіні егуде, оны күтуде және жыйнауға агротехникалық ережелерді мұқият қолданудың нәтижесінде ғана ие болған еді.

Темекі егісі қақа парға егілді. Жаз бойы пар үш рет культивацияланып, күздікте 25 сантиметр тереңдікте қайға жыртылды. Ал, қысты күні бұл алаңға қабыңдығы 80 сантиметр қар тоқтағылды. Қар кетісімен әрбір гектарға бір центнерден артық күл мен тауық қыйы төгілді. Содан кейін барлық учасок тырмаланды.

Темекі тұқымы көлік саяласымен қатараралығы 60 сантиметр қашықтыққа себіліп, 1,5 сантиметр тереңдікке сіңірілді. Бірақ, мұнымен іс бітпейтінкі мәлім.

ның барлығы өсімдіктің жақсы әрі тез өсуіне және драмшөптерден таза болуына мүмкіндік турғызды.

Темекі жыйнау жұмысы салқын түскенге дейін жүргізілді. Оны жыйнауды звено мүшелері ылғый таңертеңгілікте өткізіп отырды. Темекі егу, оны күту және жыйнау жұмыстарын ұйымдастыра білудің нәтижесінде звено мүшелері жоғары көрсеткіштерге ие болды. Колхоз мемлекетке темекі тапсырудан түскен ақшадан басқа 2800 килограмм қант, 1200 метр мата, 300 килограмм сабын алды.

Быйыл звено мүшелері тығыз ынтымақпен жұмыс істей отырып, темекі егуді сапалы өткізді. Кәзір олар темекіні күтіп, бастауды ойдағыдай жүргізуде. 25 гектар темекі егісінің әрбір гектарынан жоспардан тыс 30 центнерден өнім алуға міндеттендік. Кәзір темекінің шығымы жақсы. Алған міндеттемеімізді аброймен орындап шығатынымызға сөз жоқ.

Темекі өсіруде зор табыстарға ие болғанымыз үшін звено бастығы Штайгер-

Полудень ауданы, «Парижская коммуна» колхозының бұзаушысы.

Өмірімдегі ең қуанышты кезең

Маленков атындағы колхозда (Преснов ауданы) кеңалымды шөп машинаның машинашысы болып істегеніме быйыл төртінші жыл. Шөп машиналарына техникалық тыңғылықты күтім жасай отырып, жыл сайын жақсы көрсеткіштерге че болып жүрмін. Өткен жылы бір маусымда 1300 гектар жердің пішенін шауып, оның әрбір гектарынан орта есеппен 10 центерден өнім алуға жеттім. Орта есеппен алғанда күніне 20 гектардың орнына, 30 гектар жердің шөбі шабылды. Ал, кей күндері 35-40 гектарға дейін пішен шаптым.

Шөп шабуда жоғары көрсеткіштерге жету үшін алдымен машина қуатын тиімді пайдалану керек. Ал, техника қуатын іскерлікпен пайдалану, оны пішен шабуға сапалы әзірлеуге байланысты екені мәлім. Сондықтан мен шөп машинасымен жөндеуге көп назар аударамын. Машинаны жөндеу сапалы жүргізіледі. Машина толық жөнделіп болғаннан кейін оны жүргізіп көріп, механизмдердің дұрыс жұмыс істеуіне жағдай жасаймын. Содан кейін МТС механигіне жөндеу сапасын тексертемін. Бірақ, мұнымен іе бітпейді. Шөпке шығар алдында агрегаттың әзірлігін тағы да тексеріп, қажетгі қосалқы бөлшектерді күні бұрын әзірлеп аламын.

Ендігі мәселе пішен шабуға шығар алдында шөбі шабылатын учаскектерді күні бұрын белгілеп, онымен мұқият танысамын. Шөп шабу алдын ала жасалған маршрут бойынша жүргізіледі. Бұл жұмыс уақытын өнімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жұмыс үстінде, сол сыяқты, түскі үзіліс кезінде машиналарға техникалық күтім жасап отырамын. Бұл кезде бинттерді бұрап, шалғының айдаушымен жалғасқан бөлегін майлаймын. Машинаға қайралған шалғыны ауыстырып салып отырамын.

Быйылғы шөп шабу маусымының бірінші 15 күнінде 450 гектар жердің шөбін шаптым. Бұл—күніне 20 гектардың орнына, 30 гектар жердің шөбі шабылды деген сөз. Өз күш-мүмкіншілігімі есеңтей келіп, осы маусымда 1500 гектар пішен шабуға міндеттенген едім. Бәзір оның жартысы орындалды. Алғаш міндеттемені аброймен орындау жолына барлық күш-жігерімді жұмылдырамын.

Бірінесе жылдан бері шөп шабуда жақсы көрсеткіштерге ие болғаным үшін мен бүгін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысамын. Бұл менің өмірімдегі ең қуанышты кезең.

С. ЛЕСЦЕВ,

үлкен армиямен жан-жақты социалистік ауыл шаруашылығын барынша жарқын көрсетуге, әрбір облыстың, өлке мен республиканың экономикасының ерекшеліктерін барынша толық және ашығырақ көрсетуге қолдан келгеннің бәрін қолданды.

Өзінің алып тұрған жерінің көлемі жөнінде бұл ауылшаруашылық көрмесі 1939—1941 жылдардағы көрмеден едәуір кең. Уақытша құрылыстардың көпшілігі фундаментті құрылыстармен ауыстырылған. Көптеген арнаулы құрылыстар, павильондар, мәдени-тұрмыс, сауда және ойын-сауық көретін орындар, көмекші және қызмет орындары, тастаң және металлдан салынған. Олардың көпшілігі скульптуралармен безендірілген, мрамор мен майоликамен, смальтамен, керамикамен және басқа да әдемі материалдармен көмкерілген. Үлкен сарайлы павильоны, асфальтталған алаңдар мен көшелері, көптеген фонтандары, гүлдері мен ағаш бұталары, ресторандары, кафелері, театрлары, өздерінің демалыс орындары және арнаулы троллейбус жолдары бар шын мәніндегі қала құрылды. Келушілерге бұл бақилалы қалада қай ауданның күштірек әсер ететіндігін, қай павильонның оған әдемі, көркем болып көрінетіндігін айту қиын.

Көрменің учаскелерінде, теплицалары мен парниктерінде 1907 өсімдік сорттары, 206 ауылшаруашылық дақылдары өсіп тұр. Мұнда бидайдың бүкіл дүние жүзіне әйгілі кубань, алтай, украин сорттары, жоғары өнім беретін бидай-бидайық будандары бар. Бұлар тіпті күшті жауындардан кейін де құлап қалмайтын сорттар, сол сыяқты, көпжылдық бидай учаскелері де бар.

Келушілер 1939 жылдың өзінде са-

дағы Киров атындағы колхоздан келген симменталь тұқымда «Зозуля» сыйыры, орлов тұқымда «Квадрат» есімді желгіш ая, «Сатир» есімді ауыр жүк тартатын айғыр және басқа да мал түрлері бар.

Айта кету керек, көрмеде малдары өздері өсірген және тәрбиелеген адамдар күтім бағады. Ол адамдардың көпшілігі—өздерінің қажырлы еңбектері үшін жоғары үкмет наградаларымен наградаланғандар. Бұлар өздерінің тамаша тәжірибелерін насихаттаушылар, өздерінің жұмыс әдістері жөнінде барынша толық және терең әңгіме айтушылар болып саналады. Насихаттың мұндай түрі өте пайдалы және көкейге қонымды болып саналады.

Одақтас республикалардың көптеген салалық және зоналық павильондарында, экспонаттарында, табиғи диаграммалары мен диорамаларында, фотолары мен панноларында, қысқа метражды фильмдері мен диафильмдерінде астық өндірудің, әсіресе, жазғы және күзгі бидай, жарма және мал азығындық дақылдар өндірудің, сол сыяқты, партия мен үкметтің қарарларына сәйкес астық шаруашылығын оған әрі өркендету жолдарының хаалы шаруашылығындық зор маңызы бар екендігі баян етіледі.

Сибирьдің, Орал мен Қазақ ССР-нің алдыңғы қатарлы аудандары дәнді дақылдардан мол өнім жыйнап жүр. Челябин облысындағы Верхне-Уральск ауданы тамаша табысқа жетті. Өткен жылы 60 мың гектар жаздық бидайдың әр гектарынан алынған өнім 19,7 центнер болды.

Көрмеде тың және тыңайған жерлерді ойдағыдай игерген шаруашылықтарды көрсетуге көп орын бөлінген. Солтүстік Қазақстан облысындағы Конохов ауданы, «Путь Ленина» колхозының тәжірибесі

ғынан көрсетіледі.

Көрмеде МТС-тің үлгілі ұсадыбасымен, жұмыс істейтін жөндеу мастерскойымен, барлық көмекші және қызмет орындарымен, ауылшаруашылық мәдениеті үйімен, балалар бақпасы және балалар ясылерімен, асханамен және басқа бірқатар шаруашылық және мәдени-тұрмыс құрылыстарымен колхозды деревняның тұлғасын көрсету ұйымдастырылған.

Бүкіл көрме туралы, оның 300-ден астам арнаулы құрылыстары мен павильондары туралы, оның жүз мыңдаған қатысушылары туралы, мұнда көрсетілген халық творчествосының сарқылмас байлығы туралы түгел айту, әрине, қиын.

Көрме колхоз құрылысының мызғымас күші мен қуатын, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар одағының ұлы жетістіктерін көрсетеді. Көрменің мектебінен ауыл шаруашылығының миллиондаған еңбекшілері өтеді және әркім алдыңғы қатарлы тәжірибені өзінің колхозында, өзінің совхозында, өзінің МТС-інде қолдану үшін көп тиімді, қажетті нәрселерді табады.

Көрме ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылмай жатқан қандай орасан мол ресурстардың бар екенін, Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июль пленумдарының тарихи қарарларын басшылыққа ала отырып, қандай тамаша жеңістерге жетуге болатындығын көрсетеді. Көрме кәзіргі, бүгінгі күннің табыстарын салтанат етіп қана қоймайды, сонымен бірге болашаққа, жаңадан ашылатын кең горизонтқа, социалистік ауыл шаруашылығының толық гүлденуіне қызу белсене шақырады.

бойы күтім, баптау жұмысын тыңғылықты жүргізу қажет.

Звено мүшелері темекі өне бастағаннан оның түптерін қосытты. Бұдан кейін екі-үш жапырақ пайда болысымен шоқтау жүргізілді. Бұдан соң өскен өсімдікті сирету жүргізілді. Түптердің ара қашықтығы 30 сантиметр сиретілді. Осы-

мен де Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысамын. Бұл зор құрмет бізді оған әрі қажырлы еңбек етуге, сөйтіп, жаңа табысқа жетуге жігерлендіре түседі.

А. ТЯГЕЛЬСКИЙ,
Чапаев атындағы колхоздың агрономы.

Жоғары көрсеткіш үшін

Менің басқаруымдағы № 2 товарлы-сүт фермасы Преснов ауданында ғала емес, сол сыяқты, облысымыздағы алдыңғы қатарлы фермалардың бірінен саналады. Ферма коллективі жыл сайын мал өнімін, әсіресе, сыйырлардың сүттілігін арттыруда айтарлықтай табыстарға ие болып келеді. Мәселен, 1952 жылы 95 сыйырдың әр қайсысынан 2964 литрден сүт сауылса, өткен жылы 3303 литрге жетті. Мұнымен бірге, сыйырлардан 211 бұзау алынып, олар шығынсыз өсірілді. Ферма мемлекетке сүт тапсыру жоспарын жыл сайын мерзімінен бұрын және артығымен орындап келеді.

Ферма сауыншылары үстіміздегі жылы да жақсы табыстарға ие болуда. Өткен жеті айда әрбір сыйырдан орта есеппен 2450 литрден сүт алынды. Ал, Вайнбергер, Шнет, Солоненко жолдастар сыяқты сауыншылар 2600—2700 литрден сүт сауды. Ферма сауыншылары қол жеткен табысты баянды ете отырып, үстіміздегі жылы әрбір сыйырдан 3500 литр сүт алуға міндеттеніп отыр. Олар бұл күндері алған міндетті мінсіз орындауға өзде-

рінің барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдыруда.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі мал шаруашылығы өнімін молайтып, оның өзіндік құнын арзандату жөнінде совхоздардың алдына орасан зор міндет қойды. Бұл міндетті біз мінсіз жүзеге асырамыз! Өткен жылы әрбір центнер сүттің өзіндік құны 17 сом кеміген еді. Ал, өткен 7 ай мерзім ішінде 110 сомның орнына, 68 сомға дейін кеміді. Мұның өзі ферманың 150 мың сомнан астам табыс алуына мүмкіндік береді. Біз кәзірдің өзінде 92400 сом табыс алып отырмыз.

Ферма шаруашылық есепке көшті. Сыйырлардың күнделік беретін сүт мөлшері және сүттің майлығы күнбе-күн есептелеп, жазылып отырылады. Сол сыяқты, берілетін жемшөп мөлшері оны күтуге жұмсалатын еңбекақы да есепке алынады. Осының барлығы сыйырлардың құнарлығының жақсы болуына қолайлы жағдай туғызуда.

Біз қол жеткен табысты баянды ете отырып, мал өнімін арттыруда бұдан жоғары көрсеткіштерге жететін боламыз.

Б. ШЕИН,
Преснов совхозының № 2 товарлы-сүт фермасының меңгерушісі.

Жемісті еңбегім


1952 жылы МТС дирекциясы менің қарауыма екі «Сталинец—6» комбайннан бекітіп беріп, өнімді еңбек етуімді талап етті. Бұл жылы егін жыйнауға және астық бастыруға жоғары көрсеткішке ие болып, МТС комбайншыларына еңбектің тамаша үлгісін көрсеттім. Маусымда 1300 гектар егін жыйнап, 16 мың центнер астық бастырдым.

Өткен жылы МТС басшылары мені жүк автомобилінде жұмыс істеуге қосты. Июль айында «ЗИС—585» автомобилін бекітіп беріп, жүк тасуға міндеттелді. Қыс маусымына дейін 22 мың тонна километр жүк тасудым.

Егін жыйнауға және жүк тасуда қажырлы еңбек еткенім үшін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға право алдым. Бұл құрмет мені әр уақытта да қажырлы еңбек етуге жігерлендіре түседі.

Мен быйылғы жылы да жүк тасуда өзіме бекітілген жылдық тапсырмамды артығымен орындап шығамын. Сөйтіп, еңбек етуде табысқа табыс қосып, әуақытта ауыл шаруашылығын өркендету күресінің алдыңғы сапында боламын.

М. ПОНОМАРЕВ,
Интернационал МТС-нің шофері,



Суретті түсірген Н. Грановский.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Темір жол транспортын өркендетуде жаңа табыстарға жетейік!

Петропавл теміржолшылары өздерінің дәстүрлі мерекесіне лайықты өндірістік партулармен келді

Уақыттан озғандар

Көп, биік салынған залдың ішіне қазқатар орнатылған станоктар. Шебер қолдардың еркін қыймылымен қозғалысқа келген станоктан паровоз бөлшектері дайындалып шығып жатыр.

Станокпен еңбек етіп жатқан барлық жұмысшылардың жүзінен ерекше бір қуаныш білінеді. Бұл Петропавл паровоз депосының механика цехының жұмысшылары. Цех өткен июнь айының өндірістік жоспарын 261 процент орындап, депо бойынша бірінші орынға шықты.

— Біздің мақтаншымыз — комсомол бригадасының бір мүшесі Ю. Сызиков, — деп, станокта паровоз подшипнигін жөніп тұрған ұзын бойлы сары жігітпен таныстырды цех мастеры Н. Латаев. Ол аздап кейін дауысын көтеріңкірей сөйлеп: бұл бригада өндірістік тапсырманы 209 проценттен кем орындап көрген емес. Сызиков — комсомол, комсомол бригадасының бригадирі. Ол — таңдаулы токарь. Өткен июнь айының айлық тапсырмасын Сызиков 286 процент етіп орындады.

Біз жақындап келгенде жонылып өңделген подшипникті жанына алып қойып жатқан Юрий бізге жалт қарады. Оған, оның зырылдап тұрған станокке ілескен қыймылына қызыға қарап:

— Сіздің сменалық көрсеткішіңіз қандай? Станокте көптен бері істейсіз бе? — деген сұрақтарымызға ол:

— Мен жеті жылдан бері станокта жұмыс істеп келемін. Кәзірде 6-ші разрядтағы токарь деген атағым бар, — деп станогіне бір қарап қойды да оны тоқтатпастан:

— Мен алған міндеттемемді 250 проценттен 600 процентке дейін орындап жүрмін. Сменалық тапсырысты асыра орындайтын жалғыз мен емес, бригаданың барлық мүшелері екі-екіжарым еседен орындайды...

Жұмысты тез және өнімді істеу үшін біз жұмысқа кіріспес бұрын станокты тексеріп, майлап аламыз. Ол станоктың жұмыс үстінде тұрып қалмауын қамтамасыз етеді. Еңбек өнімді болу үшін станокты күтіп, пайдалана білу керек. Тек станокты күтіп ұстау аз, шикі заттар мен материалдарды да үнемдей білген дұрыс. Мәселен, мынау подшипниктер қымбат металл — қоладан жасалған. Сондықтан оны жонғанда түсетін уақ қыйқымдар ластанбас үшін станоктың үстіне мен мынадай қақпақ орнаттым. Уақ қыйқымдар кәзір осы қақпанның ішіне түседі, осының нәтижесінде көптеген таза металл үнемделеді. Кәзір бұл әдіс цехта кеңінен қолданылып жүр, — деді.

Сызиков станогінің қатарына винттер жасайтын токарь станогі орнатты. Оның мегенін әрқашан сұрап алуға да арланбайды.

Мен қаладағы № 2 темір жол училищесін бітіріп, бірінші рет 1949 жылы өз бетіммен станокта жұмыс істей бастадым, — дейді Новиков. Ол қыйыншылықты жасырмай, болған қыйыншылықты қалай жеңгенін қуанышпен сөйледі.

— Бірінші күндері қыйыншылықтар болды. Тапсырманы орындай алмай сасқалақтадым да, қызарақтадым да, — дейді күліп ол. Жанында жолдастарың тапсырмаларын артығымен орындап жүргенде сенің орындай алмауың адамға өте қатты батады екен. Олар оқыған училищеде мен де оқыдым, мен де солардай адаммын. Не болды маған? — деп өзіме-өзім риза болмай жүрдім.

Кәзір ол паровоз депосындағы озаттардың бірі, бесінші разрядтағы токарь. Бірақ, жас токарь алғашқы табысқа мағтанатын емес. Ол әлі де еңбек өнімділігін арттыру үшін іздену жолында. Комсомол — жастар бригадасы июнь айының жоспарын 260 процент орындап, депо бойынша емес, торап бойынша бірінші орынға шығып, тораптық ауыспалы ымыпелін алып отыр. Бриганың мүшелері — комсомол токарьлар И. Тихий, Тараканов жолдастар да қажырлы еңбек етуде.

Залдың дәл ортасына орнатылған 3 станоктың қыймылы ерекше көзге түседі. Ол жетінші разрядтағы токарь А. Пастуховтың станоктары. Кәзір Пастухов жолдас фрезер, карусель және өңдеу станоктарын бірдей жүргізуді меңгерген. — Бұл станоктардың жұмысы өртүрлі. Сондықтан үш станокта істеу маған оңша қыйын емес, — дейді ол дайындалған шестеряны фрезер станогінен алып тұрып. — Мен екі станокпен қатар жұмыс істеген уақытта көп уақыт керек ететін поршен барабанын карусель станогіне орналастырамын да станокты жүргізіп жіберіп, өзім тез істелетін, өте дәлдікті, үнемі бақылап отыруды керек ететін шестерялар сыяқты бөлшектерді әзірлей бастаймын. Барабанды да бақылап тұрамын, — деп екінші станокқа қарай беттеді. Оның станоктағы қыймылынан өз ісінің шебері екендігі көрінеді.


Цехтан бұлардай еңбек озаттарын көптен кездестіруге болады. Құрмет тақтасынан атын жиі көруге болатын токарь А. Зольников июнь айының тапсырмасын 490 процент, фрезеровщик Н. Костюков 384 процент, жонушы Г. Санин 350 процент орындаған.

Тынымсыз гүлдеген станоктар мен шебер қыймылдаған қолдар тәулігіне паровоздардың мыңдаған бөлшектерін жасап шығарады. Ұқыпты жыйналған аспаптар мен цех ішін айнала безендіретін ұзын ұзын қатардағы станоктардың қыймылы ерекше көзге түседі. Ол жетінші разрядтағы токарь А. Пастуховтың станоктары. Кәзір Пастухов жолдас фрезер, карусель және өңдеу станоктарын бірдей жүргізуді меңгерген. — Бұл станоктардың жұмысы өртүрлі. Сондықтан үш станокта істеу маған оңша қыйын емес, — дейді ол дайындалған шестеряны фрезер станогінен алып тұрып. — Мен екі станокпен қатар жұмыс істеген уақытта көп уақыт керек ететін поршен барабанын карусель станогіне орналастырамын да станокты жүргізіп жіберіп, өзім тез істелетін, өте дәлдікті, үнемі бақылап отыруды керек ететін шестерялар сыяқты бөлшектерді әзірлей бастаймын. Барабанды да бақылап тұрамын, — деп екінші станокқа қарай беттеді. Оның станоктағы қыймылынан өз ісінің шебері екендігі көрінеді.

Цехтан бұлардай еңбек озаттарын көптен кездестіруге болады. Құрмет тақтасынан атын жиі көруге болатын токарь А. Зольников июнь айының тапсырмасын 490 процент, фрезеровщик Н. Костюков 384 процент, жонушы Г. Санин 350 процент орындаған.

Тынымсыз гүлдеген станоктар мен шебер қыймылдаған қолдар тәулігіне паровоздардың мыңдаған бөлшектерін жасап шығарады. Ұқыпты жыйналған аспаптар мен цех ішін айнала безендіретін ұзын ұзын қатардағы станоктардың қыймылы ерекше көзге түседі. Ол жетінші разрядтағы токарь А. Пастуховтың станоктары. Кәзір Пастухов жолдас фрезер, карусель және өңдеу станоктарын бірдей жүргізуді меңгерген. — Бұл станоктардың жұмысы өртүрлі. Сондықтан үш станокта істеу маған оңша қыйын емес, — дейді ол дайындалған шестеряны фрезер станогінен алып тұрып. — Мен екі станокпен қатар жұмыс істеген уақытта көп уақыт керек ететін поршен барабанын карусель станогіне орналастырамын да станокты жүргізіп жіберіп, өзім тез істелетін, өте дәлдікті, үнемі бақылап отыруды керек ететін шестерялар сыяқты бөлшектерді әзірлей бастаймын. Барабанды да бақылап тұрамын, — деп екінші станокқа қарай беттеді. Оның станоктағы қыймылынан өз ісінің шебері екендігі көрінеді.

Цехтан бұлардай еңбек озаттарын көптен кездестіруге болады. Құрмет тақтасынан атын жиі көруге болатын токарь А. Зольников июнь айының тапсырмасын 490 процент, фрезеровщик Н. Костюков 384 процент, жонушы Г. Санин 350 процент орындаған.



СУРЕТТЕ: Петропавл темір жол бөлімшесінің таңдаулы адамдары. Солдан оңға қарай: Петропавл паровоз депосының нұсқаушы-машинисі А. Ясырь, отын қоймасының тіркеушісі М. Галиев, байланыс дистанциясының телефоншысы П. Кукенна, Петропавл станциясының бас кондукторы Н. Брунцов, вагондардың аға байқаушысы Т. Трегубенко, Қарақоға станциясының аға жүк өлшеушісі В. Гударев, жол бөлімшесінің диспетчері Н. Горячев. Суретті түсірген А. Розентейн.

Паровозшылардың ауыл шаруашылығына көмегі

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын және партия мен үкметтің одан кейінгі қарарларын жүзеге асыру күресінде Петропавл паровоз депосының коллективі облыстың колхоздары мен МТС-теріне көмек көрсетуде бір талай жұмыстар істеді.

Партияның шақыруына жауап ретінде депоның көптеген қызметкерлері облысымыздағы МТС-тер мен колхоздарға барып тұрақты жұмыс істеуге тілек білдірді. Депоның бұрынғы инженерлері Мухин, Бомгов, Хайновский жолдастар МТС-терде аға инженер және механик болып жұмыс істейді. Паровоз депосының бұрынғы аға инженері Лосев жолдас кәзір Полудень МТС-інде директор. Колхоздар мен МТС-тер өндірісінде жұмыс істеу үшін бұлардан басқа 40-тан астам слесарь, токарь, фрезеровщик және техник жіберілді.

Ауыл шаруашылығына жіберілген бұл көмекті жеткілікті деп айта алмаймыз. Ауыл селолары көптеген механизаторлар

дай көмектің қажеттігін анықтау үшін МТС қызметкерлерімен әңгімелесіп, пікір алды. Осыдан кейін МТС механизаторларына көмек көрсету үшін паровозшылар өздеріне нақтылы міндеттемелер алды. Бұл міндеттемені паровоз депосының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері аброймен орындады. Депо коллективі Полудень МТС-іне үнемделген материалдар есебінен 156 слесарь аралы, 65 бұрғы, 11 килограмм сұйық шыны, 45 килограмм майланған электрод, радиаторларды жасауға керекті 400-ден астам трубка берді. Мұнан басқа деполықтар жаңа бөлшектерді әзірлеу жұмысында да көмек көрсетті.

Оның үстіне паровоз депосы 7 электр моторын күрделі жөндеуден өткізіп, трактор үшін жаңадан бір радиатор жасап берді, бір фрезер және винт кесетін токарь станогін жөндеуден өткізді. Слесарь Зайнуллин жолдас МТС-қа барып, автоматтық электр балғасын жөндеп беріп, үлкен көмек көрсетті. Мұнымен қатар депо цехтарында 8 мыңнан астам тайқа-

тырылған кітапхана ұйымдастырды. Ал, депоның таңдаулы паровозшысы Трибуновский, слесарь Лукьянов жолдастар МТС тракторшыларымен социалистік жарысқа түсті. Депо адамдары Полудень МТС-іне металл қайнататын екі машина жөндеп, Буденный атындағы колхозға жемшөп буландырғыш жасап, жел дірменді пайдалануға берді.

Үетімдегі жылдың март айында ауылшаруашылық машиналарын жаңа совхоздарға деркезінде жеткізу үшін депо коллективі шама тіркегіштерін бекітетін үлкен мөлшерлі мыңға жуық болттар мен тайқалар жасады.

Сол сияқты, мал азығын дайындау және егін орағына әзірлік ісінде де депо коллективі кәзір колхоздарға елеулі көмек көрсетуде. Кәзір жемшөп әзірлеуге колхоздарға деподан 150 қызметкер жіберілді. Колхоздардан алынған мәліметтерге қарағанда, Петропавл теміржолшылары қоғамдық мағла құнарлы жемшөп әзірлеу үшін күресте өздерінің қажырлы еңбектерімен көзге түседі.

Табыстарымыз бен міндеттеріміз

Ауыр жүк тиелген поездардың тез және көп жүргізілуін қамтамасыз етуді еске ала отырып, Петропавл байланыс және сигнализация дистанциясының коллективі 1954-1955 жылы барлық жөндеу жұмыстарын мерзімінен бұрын аяқтауға міндеттеме алған болатын. Байланыс және сигнализацияның екінші дистанциясының коллективі жөндеу жұмысының барлығынан алған міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындап, едәуір табысқа жеткендігін атап айту керек. Байланыс және сигнализацияның қызметкерлері 1953 жылы көптеген жұмыстары бітпеген, бірақ құрылысшылардан пайдаланылуға қабылданған Петропавлдың орталық электр байланыс жұмысына ерекше назар аударды. Орталық электр байланысының тамаша бір артықшылығы — поездардың тез, хауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ететіндігінде. Цех коллективі күрделі техниканы тез уақыттың ішінде меңгеріп, Петропавл станциясында алғашқы рет қолданылып отырған электр байланысының ойдағыдай жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

Байланыс және автоблокировка жолдарын күрделі, орта жөндеуден өткізу жөнінде көптеген жұмыстар істелді. Бұл жөнінде дистанция коллективі өздеріне алған міндеттемелерді ойдағыдай орындау үшін жаз айларында жөндеу жұмысына жаппай шығып, жөндеушілер қолнасына нақты көмек көрсетті. Байланыс және сигнализация шаруашылығында электр механиктерінің және басқа мамандардың озат әдістерін кеңінен қолданудың зор маңызы бар. Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау үшін дистанцияның партия бюросы, жергілікті кәсіподақ комитеті, комсомол комитеті байланыс қызметкерлері арасында саяси-тәрбие жұмысын күшейтіп, жаңалық тапқыштардың ұсыныстарын өндіріске батыл енгізуде. Осының нәтижесінде дистанцияда соңғы кезде өндіріс озаттарының қатары көбейе түсті. Мәселен, автоблокировканың Петухово станциясындағы электр механигі И. Малаев, жол байланысының электр механигі А. Козлов жолдастар өздеріне тапсырылған жол учасоктерін өте жақсы ұстауда. Сол сияқты, Асанов станциясындағы автоблокировканың электр механигі Паролов жолдас, телефон станциясының телефонисткалары Пасечник, Нахлесткина, телеграфисткалар Агеева, Никитина, радио байланысының механиктері Трушников, Сладков жолдастар еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгісін көрсетіп келеді.

Дистанция коллективі теміржолшылар күнін жаңа табыстармен қарсы ала отырып, байланыс жабдықтарын өте жақсы

секретары комсомолец Новиков басқарды. Ол бұл клапаның, шилыққа, болт, тағы басқа паровоздың ұсақ бөлшектерін әзірлейді. Г. Новиков жолдас цехтағы еңбек озаттарының бірі. Ол айлық тапсырмасын 290 процент орындап, еңбек өнімділігін арттыруда үлгі болып жүр. Ол көп оқытын, көп ізденетін комсомолец. Білгенін жолдастарына үйретіп, өз біл-

ріп тұр. Есіктен кіре бере «480 минут уақытты өндіріске берейік!» деген жазу бірден көзге түседі. Станоктарды үздіксіз қозғалысқа келтіріп, 480 минут уақытын өндіріске беріп тұрғандардың жарқын жүзінен еңбек өнімділігін көтере береміз деген сөзді айтпай-ақ түсінуге болатындай.

Қ. БАТПЕНОВ.

Ауыр жүк тиелген поездарды көп алып жүреміз

Біздің елімізді ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін орасан зор құрылыс алаңына тенеуге болады. Үздіксіз жандан салынып жатқан электр станциялары мен заводтарды, тоқыма комбинаттары мен мектептерді көріп, естігенде социалистік Отан тудырған мақтаныш сезім совет адамдарын жаңа батырлық істерге жігерлендіре түседі, әркім өзінің қарапайым, адал, бірақ, қажырлы еңбегімен еліміздегі ұлы құрылыс жұмысына — коммунизм орнату ісіне өзіндік үлес қосқысы келеді. Еңбектенген сайын, еңбегінің Отан игілігіне пайдалы екенін көрген сайын бүгінгі атқарған жұмыстарына қанағаттанбай, ертең, келер айларда, келер жылы бұрынғыдан да жақсы еңбектенуді мақсат етесіз.

Мен — машинистің. Басқа машинистер сияқты менің тасыйтыным да халық шаруашылығына қажет жүктер — көмір, темір, ағаш, тас, тракторлар мен генераторлар, оқулықтар мен қағаз-қарындаштар. Мақсат әйтеуір жүк тасу емес, вагондарға тиелген жүкті өзінің арнаулы ауданына мерзімінен кешіктірмей жеткізу.

Кәзір советтік Қазақстанның кең байтақ жерінде тың және тыңайған жерлер игерілуде. Бұл партияның басшылығымен жүзеге асырылып жатқан халықтық ұлы жұмыс. Жаңа жерлерді игеруде туысқан республикалар мен өлке, облыстардан келген механизаторлар партия нұсқауын орындауды тамаша үлгілерін көрсетіп жүргенін күн сайын көріп, ойып отырмыз.

Оларға қажет өнеркәсіп пен азық-түлік товарларын темір жол транспорты жеткізу керек. Тың көтерушілерге Архангель, Тайға жерлерінде арнаулы жыйнақталып үйлер әзірленуде. Оларды жаңа жер игеруші аудандарға тасып жеткізу де теміржолшылардың міндеті.

Жаңа оқу жылының басталуына бір ай қалды. Оқушы пионерлер мен жастар жаңа жазылған оқулықтарды асыға күтуде. Ал, кішкентай балалардың магазиннен кітап сатып алып тұрғандағы көз жандарындағы қуанышын көру — қандай бақыт! Міне, осы совет адамдарының қуанышы үшін халық тілегіне, партия сөніміне лайық жұмыс істегіміз келеді.

Мен ауыр жүк тиелген поездармен соңғы айларда сапарға жиі шығып жүрмін. Июль айының 26 күні ішінде мен басқарған паровоз бригадасы 12 рет сапарға шықты. Оның ішінде ауыр жүк тиелген 9 поезд алып өтіп, жоспардан тыс 3385 тонна жүк тасыдық. 26 июль күні Петропавлдан Макушинге барып қайттым. Барарда поезға жоспардан тыс

700 тонна жүк тиелді те, қайтарда жоспардан тыс 211 тонна жүк әкелдік.

Мен Ленин комсомолының мүшесімін. Олай болса, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау күресінде алдыңғы сапта болуға міндеттімін.

Үстіміздегі жылдың апрелінде Жол қатынас министрінің Москвада мақұрланған таңдаулы машинистердің кеңесіне қатыстым. Онда көтеріңкі міндеттемелер алған едім. Ол міндеттемелерімді аброймен орындап келемін.

А. ТРИБУНСКИЙ,

Петропавл паровоз депосының машинисі.

Партияның XIX съезі белгілеген бесінші бесжылдықтың орасан зор жоспары жүзеге асырылып келеді. Ауыр өнеркәсіп саласында қол жеткен орасан зор табыстарға сүйене отырып, партия мен үкіметіміз совет халқының алдына ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету және халық тұтынатын товарларды көптеп, сапалы шығару міндетін қойып отыр. Осы тарихи міндеттерді мұлтисіз жүзеге асыру ісінде совет теміржолшылары орасан зор роль атқаруға тиіс.

Үстіміздегі жылы Петропавл теміржол бөлімшесі тасыйтын жүктің мөлшері өте көп, тіпті мұндай жүк мөлшері жол бөлімшесінің тарихында болған емес. Өнеркәсіп товарларын тасымалының үнемі өсіп отыруына қарамастан жол бөлімшесі арқылы тың және тыңайған жерлерде өсірілген жаңа егіннің астығы, овоцтар көптеп тасымалы болады. Осы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін теміржолшылар зор ұйымшылдық көрсетуде. Олар партия мен үкімет алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіншілік беретін жаңа резервтерді іздеп табуда.

1954 жылдың өткен 6 айының ішінде жол торабының теміржолшылары жүк тасудың жоспарын тонна-километр есебімен 103,2 процент орындап, еңбек өнімділігін жоспарда көрсетілгендегіден 2 процент арттырды және 1,5 миллион сомға жуық пайда келтірді.

Социалистік жарыста алынған міндеттемелерді орындау күресінде темір жол кәсіпорындары коллективтерінің арасында вагон депосы жақсы көрсеткіштерге ие болды. Вагон депосы 25 июльде вагондар жөндеудің 7 айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс 8 вагонды күрделі жөндеуден, ал, жылдық жөндеуге жататын вагондардан 20 вагонды жөндеуден өткізуге міндеттеме алып отыр. Сол сияқты, вагондар байқау

кадрларының керек екендігі барған сайын күштірек сезілуде. Міне, осыны жетектесінген паровоз депосының жастары ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге тілек білдіріп, патриоттық бастаманың жаршысы болды. Денонның комсомолецтері мен жастары бүкілхалықтық іс — тың және тыңайған жерлерді игеруге аттануға облыс жастарына үндеу қабылдады. 50 жас теміржолшы өздерінің инициативасын қолдауды сұрап, облыс жастарына хат жазды. Жас теміржолшылардың бұл бастамасын Қазақ ССР-нің, сол сияқты, Совет Одағы теміржолшыларының жастары қолдап, ҚЛЖО-ның облыстық және Орталық Комитеттері мақұлдады.

Жаңа жерлерді игеруге баруға тілек білдіргендердің ішінен 40 адам механизаторлар курсы бітіріп, қалғандары МТС өндірісіне бірден жүріп кетті. Сонымен паровоз депосының коллективінен МТС-тер мен колхоздарда түпкілікті жұмыс істеуге аттанғандардың саны 110 адам болды. Дено коллективі мұнымен бірге МТС-тер мен колхоздарды өзінің қамқорлығына алды. Мәселен, паровозшылар Полудень ауданының Буденный атындағы ауылшаруашылық артелине үздіксіз көмек көрсетіп келеді. Дено басшылары МТС пен колхоздарда болып, оларға қан-

МТС-тан келген зақаздарды тез әзірлеп, бөлшектерді сапалы түрде жөндеу үшін көзір депода социалистік жарыс өрістей түсуде. Жарыста алған міндеттемелерін орындауда партия мүшелері — мастерлер Тесля, Малеев, слесарь Лукьянов, шын патриоттық үлгілер көрсетуде. Дено жұмысшылары Полудень МТС-нің механизаторларымен достық байланысты күшейту үшін МТС-қа жиі барып тұруды әдетке айналдырды.

Петропавл теміржолшылары тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде есело механизаторларының алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай орындауына көмектесу мақсатымен тракторшылар үшін МТС-қа түрлі аспаптардың 70 комплектісін жасап берді. Коммунистер Долгих, Бересоцкий жолдастардың инициативасы бойынша ұста цехының коллективі ұста-лық аспаптар жасап шығарды. Мұнымен қатар МТС қажетін еске ала отырып, паровоз депосы 50 шелек, 50 воронка, 3 мыңнан астам болттар мен гайкалар және көптеген бояу материалдарын дайындап берді.

Депоның комсомолдері ауыл шаруашылығында істейтін жастардың рухани тілегін өтеу үшін 300 кітаптан құра-

панын МТС-ті салынып жатыр. МТС-тің құрылыс жұмысында 20 теміржолшы жұмыс істеуде. Деноның партия ұйымы комбайн агрегаттарының ұйымдастырушылары етіп 35 таңдаулы теміржолшыны іріктеп жөнелтті. Оның ішінде партияның 25 мүшесі мен кандидаттары бар. Жемпән даярлауда коммунистер: машинистің көмекшісі Попов, слесарь Пичорский, токарь Лобанок жолдастар үздік еңбек үлгісін көрсетті. Кәзір депольцтар Буденный атындағы және «Прогресс» колхоздарында екі қырман, екі астық қоймасын салуды аяқтау үшін қажырлылықпен еңбек етуде. Буденный атындағы колхозда салынып жатқан қырманның құрылысында көтеру цехының 80 жұмысшысы еңбек етіп жүр. Құрылыс жұмысын цех бастығы Мутыль, цех партия ұйымының секретары Петров жолдастар басқаруда.

Паровоз депосының партия ұйымы ауыл шаруашылығын өркендету ісінде ауыл-селоға мұнан былай да көмектесуді өзінің ең абройлы жауапты борышы деп біледі.

В. ИСАКОВ,

Паровоз депосы партия комитетінің секретары.

жолдастар бастаған жол дистанциялары жолды ұқыпты ұстап, күрделі табыстарға ие болды.

Жол торабының қызметкерлері өзінің негізгі жұмысын орындаумен бірге колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға үнемі көмек көрсетіп келеді. Олар Мамлют, Булаев, Петухов станцияларына ауылшаруашылық жүгі тиелген 12 мыңнан астам вагон жеткізді. Бұл жүктердің барлығы да тың және тыңайған жерді игеруші совхоздар мен МТС-терге арналған. Паровоз депосының коллективі Полудень МТС-інің қамқорлыққа алып, ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде айтарлықтай көмек көрсетті.

Паровоз және вагон деноларының күшімен машина трактор-мастерскойы және тұрғын үйлер салынууда. Бұл мастерскойды теміржолшылар үстіміздегі жылы салып бітіріп, пайдалануға беруді ұйғарып отыр. Мұнымен қатар вагоншылар трактор бригадалары үшін вагоншалар жасап, колхоздар үшін астық тазалайтын ваялқалар әзірлеуде.

Алайда, жол торабының жұмысында үлкен кемшіліктер де бар. Теміржолшылар арасында еңбек тәртібін бұзушылық, ақау жіберу фактілері әлі күнге жойылған жоқ. Мұның бәрі жол торабының жұмысына керісінше әсер етіп отырғандығын жасыруға болмайды. Бірақ, теміржолшылар бұл кемшіліктерді тез арада жойып, жүк тасудың бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындауға жетіседі. Бұған Петропавл теміржолшыларының кәзіргі қол жеткен табыстары, алда тұрған міндеттерді аброймен орындауға деген ынтасы мен мүмкіншілігінің жеткілікті толық кепіл.

В. КОЧЕМИРОВСКИЙ,

Петропавл жол бөлімшесі саяси бөлімінің бастығы.

Теміржолшылардың дәстүрлі мерекесі

пункттері де бірқатар табыстарға жетті. Олар поездарды жөнелтуді тездетіп, есептаулардың техникалық әзірлігін байқауды 30—45 минут ішінде аяқтап отырды. Осының барлығы Макушин және Петропавл станциялары бойынша поездарды қабылдауды жақсартып, жол торабында тасымал жұмысының қарқынын арттыра түсті.

Вагоншылар арасында коммунист Подкорытов жолдас басқарған вагондарды күрделі жөндеу цехының коллективі мен Трегубенко жолдас аға бақылаушы болып істейтін вагоншылар сменасы ең жақсы нәтижелерге ие болды. Социалистік жарыста бақылаушы-автоматчиктер Березин және Храмов, токарь Иванов, болт кесуші Ремигайлова, поезд вагондарының шеберлері Матягин, Быстров, Фролов және басқалары өздерінің өндірістік тапсырмаларын ай сайын 200—300 проценттен орындап, үздік алда келеді.

Вагон депосы коллективінің ұқыптылықпен және ұйымшылдықпен жұмыс істеуі үнеміделген материалдардың есебінен қосымша 29 вагонды күрделі жөндеуден, 9 вагонды жылдық жөндеуден өткізуге мүмкіншілік беріп, 235 мың сом пайда келтірді.

Сол сияқты, паровоз депосының коллективі де өзінің жұмысын біраз жақсартта түсті. Өткен 6 айдың ішінде паровоздардың жүріс жылдамдығының жоспары 110 процент орындалды.

Ауыр жүк тиелген поездар алып жүруші машинистердің қатары көбейе түсуде. Жол бөлімшесінде ауыр жүк тиелген поезд жүргізбейтін бірде-бір паровоз бригадасы жоқ. Өткен 6 айдың ішінде

руш қамтамасыз ету мақсатымен байланыс, радио байланысы, сигнализация мен блокіровка жұмыстарын мұнан былай да жақсарту беретіні сөзсіз.

М. ЗЕЛИНСКИЙ,

Байланыс және сигнализацияның екінші дистанцияның аға инженері.

Мақсат — жүкті тез және көп жөнелту

Петропавл станциясының маневр диспетчерлері теміржолшылар күні қарсаңында социалистік жарысты өрістетіп отырып, ауыр жүк тиелген поездарды құрастыруды жақсартта түсті. Социалистік жарыста алған міндеттемені орындауда диспетчер А. Иванов жолдас басқарған смена коллективі алда болды. Бұл коллектив июль айында ауыр жүк тиелген 53 поезд құрастырып, жоспардан тыс 30270 тонна жүк жөнелтуді қамтамасыз етті. Сөйтіп, ауыр жүк тиелген 12 поезд құрастыруға жұмсалатын мемлекет қаржысын үнемдеп қалды.

Ауыр жүк тиелген поездар құрастыру күресінде Домбровский, Малышко, Дручинин және басқа поезд құрастырушылар белсене қатысып келеді. Бұл поезд құрастырушылар өздерінің күнделік жұмысында еңбек өнімділігін арттыра беру жолындағы күресте озат теміржолшылардың іс әдістеріне сүйенеді. Сөйтіп, поезд құрастырушылар еңбек өнімділігін 140-160 процент арттыруға жетісті. Мәселен, поезд құрастырушы Макаров жолдас июль айында 57 поезд, Домбровский 48 поезд, Дручинин 40 поезд, Малышко 37 поезд құрастырып, еліміздің таңдаулы поезд құрастырушылары Кожухарь, Красевтің озат әдістерін пайдалануда станцияның басқа қызметкерлеріне үлгі көрсетіп отыр.

Поездарды тез құрастырып, жөнелту ісінде тағайындалған графиктерді мұлтисіз орындау шешуші роль атқарады. Поездарды тез қабылдап, график бойынша жөнелту үшін болып отырған социалистік жарыста станцияның көмекшісі Емельянов жолдас басқарған смена алда келеді.

Поездарды қабылдау және жөнелту жұмысын жақсартта беру үшін еліміздің таңдаулы теміржолшыларының озат жұмыс әдістерін зерттеп үйрену мақсатымен Москва облысындағы Кустов станциясына біздің станциямыздан инженер Игнатова жолдас басқарған бригада барып, онда поезд құрастырушы Гурьев, машинист Воелов жолдастардың поезд құрастырудағы жаңа жұмыс әдістерімен танысып қайтты.

Кәзіргі уақытта Петропавл станциясы қызметкерлерінің алдында қысқа үлгілі әзірлену міндеті тұр. Станция қызметкерлері станцияның кезекшілерінің үйін және мастерлер мен диспетчерлердің үйлерін, бақылау будқаларын қысқа ойдағыдай әзірлеп, поездарды қабылдау және жөнелту жұмыстарын бұдан былай да жақсартта беру үшін еселеген жігермен күресуді болады.

Н. ПОПОВ,

Петропавл станциясының жылы озы бөлімінің бастығы. 3 миллион тек-

ТАРИХТЫҢ САБАҚТАРЫ

Адамзаттың тарихындағы қайғылы және зардаптары күшті болған оқиғаның — дүниежүзілік бірінші соғыстың басталғанына быйылғы жылы 1 августа 40 жыл толады.

Есейген ұрпақтың өкілдері бұл оқиғаны өздерінің жеке басынан кешірген тәжірибесінен біледі, ал, бұдан кейінгі ұрпақтар да 1914—1918 жылдардағы соғыстың және онымен байланысты оқиғалардың зардаптарын белгілі бір дәрежеде басынан кешірді.

Дүниежүзілік бірінші соғыс дүниежүзілік капиталистік системаның сақталуына туды. Ол империалистік соғыс болды. Соғыстың тууына айыштылар соғысушы коалицияның екеуіне де кірген мемлекеттердің: орталық Еуропа державаларының, яғни Германия мен Австро-Венгрияның және Антантаның, яғни Великобританияның, Францияның және патшалық Россияның билеуші топтары болып табылады. Сонымен қатар, бұл әділетсіз және басқыншылық соғысқа кейіннен келіп қосылған мемлекеттер—Жапония, Италия және ең алдымен Америка Құрама Штаттары да бұл соғыс үшін жауапты. Ал, АҚШ-тың билеуші топтары соғысқа қатысқан еуропалық елдердің соғыс әзірліктеріне, сондай-ақ оның басталуына көмектесу саясатын жүзеге асырды. Барлық империалистік державалар бұл соғысқа өздері қатыса отырып, оған өздерінің сыбайластарын да қатыстырды. Олар шағын мемлекеттердің бейтараптылығын арымдықпен бұзды. Бұрынғы Австро-Венгрия агрессиясының құрбаны Сербия болса, ал, батыста герман империализмінің құрбаны—Бельгия болды. Империалистік Жапония дүниежүзілік бірінші соғыстан туған халықаралық саяси жағдайды өзінің басқыншылық жоспарларын Қытайдың есебінен жүзеге асыру үшін пайдаланды, ал, Америка Құрама Штаттары Орталық және Оңтүстік Америка елдеріндегі өз үстемдігін нығайтып, дүние жүзіне өз үстемдігін орнату талаптарын тұңғыш рет қоя бастады.

Дүниежүзілік бірінші, сондай-ақ екінші соғысқа қатысқан барлық империалистік державалардың ішіндегі нағыз агрессияшы ел—Германия болды.

Герман империализмі 1914 жылғы қайғылы июль күндерінде өзінің одақтасты Австро-Венгрияны Сербияға қарақшылық шабуыл жасауға айдап салды. Герман саясаты мен стратегиясының басшылары Францияға қарсы және Россияға қарсы шапқыншылық басқыншылық соғыс бастауға ұзақ уақыт бойы әзірленді. Олар 1870-71 жылдардағы Франция-Пруссия соғысының салдарынан Германия оккупациялап алған Эльзас пен Лотарингияда қосымша Францияның территорияларын оған әрі басып алу әрекетіне әзірленді. Олар Францияны шегіне жеткізе әлсіретіп, оны тәуелді елге айналдыруға әрекеттеніп келді. Герман империалистерінің жоспарларында сонымен қатар Француз Мароккосы және Францияның басқа да отарлықпен иемденген

★
Академик Л. Н. ИВАНОВ
★

күштері, ағылшын тарапынан жасалған сақтандыруға қарамастан, Бельгияның бейтараптылығын өрескел бұзды. Осыдан кейін Великобританияның өзі де Германиямен соғыс жағдайында болды.

Бельгияның территориясы арқылы өтіп, Францияның солтүстік-шығыс департаменттерін оккупациялап алған герман армияларының үдіре жасалған шабуылы француз армиялары Марнада болған тарихи ұлы шайқаста тоқтатты. Біз француз ұлтының Франция үшін осы қайғылы күндердегі ерлігін бағалаймыз, ол кезде Франция герман армияларының соғысқа даярлығы жағынан басым болғанына қарамастан, Марнадағы шайқаста өте қымбатқа түскен, бірақ даңқты жеңіске жетті. Бірақ, біз сонымен қатар Марнадағы соғыс операцияларының жеңіспен аяқталуында орыс армияларының Шығыс Пруссияда жасаған шабуылының және Галицияда болған ұлы шайқаста Австрия-Венгрия армияларын талқандаған орыс жеңісінің шешуші роль атқарғанын да ұмыта алмаймыз. Орыс әскерлерінің дәл осы шабуыл жасаған операциялары герман командованиеісін Францияда соғысын жатқан герман армияларын толықтыруға арналған дивизияларды жедел Шығысқа жіберуге мәжбүр етті. Россияның өз одақтасына көрсеткен осы орасан зор көмегінің тарихи маңызына күмән келтіруге болмайды.

Россия өзінің батыс одақтастарына талай рет өмірлік маңызы бар көмектер көрсетті. Мысалы, оңтүстік-батыс майдандағы орыс армияларының 1916 жылғы шабуылы сонымен бірге италия майданында жасалған Австрия-Германия шабуылының салдарынан Италияны соғысқа талқандаудан сақтап қалды және шабуылға шыққан герман армияларына қарсы Верден үшін ұзақ уақыт кескілесіп шайқасқан француз армияларының жағдайын жеңілдетті.

1917 жылы дүниежүзілік бірінші соғысқа қатысушылар қатарына антанга державалары жағына Америка Құрама Штаттары ал, олардан кейін басқа да американдық мемлекеттері келіп қосылса да, дегенмен Россия дүниежүзілік бірінші соғысқа қатысып, үлес қоспаған күнде, герман империализмі бастаған орталық державалардың коалициясын талқандау мүмкін болмаған болар еді, бұған ешқандай күмән жоқ. Германия, Австрия, Түркия коалициясына Россия тарапынан берілген соққылардың арқасында ғана батыс державалары 1918 жылы түпкілікті жеңіске жетті.

Бірақ, батыс державалары мұны бағаламады. Ушықшылық соғыстан азап шеккен және патшалық Россияның билеуші топтарының опасыздығына ызаланған орыс халқы тозығы жетіп шіріген патшалық төртінші құлатып, одан кейін Ұлы Октябрь социалистік революциясының

болған кезде ерекше қарқынмен өрістеді. Совет Одағы антигитлерлік коалицияның қуатты тірегі болды, совет халқының жұмсаған күш-жігерінің арқасында ғана дүниежүзілік екінші соғыста реакция мен агрессия күштерін талқандаған жеңіске қол жетті.

Жұртқа мәлім, Совет Одағының бір өзі гитлерлік Германия мен оның еуропалық одақтастарының басты күштеріне қарсы күресте 3 жыл бойы төген беріп келді. Бұл күрес Сталинград түбінде болған тарихи шайқастан кейінгі шешуші жеңістердің кезеңіне ұласып, Берлинді құлатумен, гитлерлік Германияны толық талқандап, құртумен аяқталды. Совет Одағы Еуропаның халықтарын фашистік теңізден шын мәнісінде азат етуші және адамзат цивилизациясын сақтап қалушы болды. Совет Одағының Жапонияға қарсы соғысқа кірісуі де жапон империализмін талқандауға жеткізді, мұның өзі Азияның халықтарын жапон соғыс оккупациясынан азат еткендік болып, бұл континенттегі ұлт-азаттық қозғалысының бұдан кейінгі ұлы жеңістерге жетуін жеңілдетті.

Егер дүниежүзілік бірінші соғыстың қорытындысында Россияның халықтары капиталистік құдықтан азат етілген болса, дүниежүзілік екінші соғыстың және еуропалық дүниежүзілік реакцияның күштерін талқандаған Совет Одағының тарихи ұлы жеңісінің қорытындысында Еуропа мен Азияның тіпті көп елдері социализмге жеткізетін даңқты жолға түсті. Бүкіл адамзаттың үштен бірінен астамы капиталистік бұраудан азат етіліп, көзір өз бақытының еркін орнатушысы болып отыр.

Дүниежүзілік бірінші соғыс басталған кезден бергі 40 жылдың қорытындылары империалистік агрессияға қарсы тұрған фактор ретінде біздің еліміз атқарып келген және атқарып отырған орасан зор тарихи рольді айқын көрсетуде.

Дүниежүзілік тарихтың барысын кейін бұруға тырысып отырған дүниежүзілік империализмінің реакцияшыл күштеріне қарсы бүкіл адамзаттың күресінде Совет Одағы оның шын мәнісіндегі тірегі мен қамалына айналды. Сонымен бірге, соңғы 40 жылдың ішіндегі халықаралық қатынастар тарихының тәжірибесі бейбітшілікті сақтауға мүдделі болып отырған бейбітшілік, демократияшыл халықтар мен мемлекеттердің ұлттық тәуелсіздігі мен суверенитетін тек ұлы совет халқымыз ынтымақтасқанда ғана сақтап қала алатынын айқын көрсетіп отыр.

Біздің халқымыз Еуропаны герман империализмінің құлдығына ұшырау қаупінен сақтап қалды. Ол дүниежүзілік екінші соғыста Еуропаның халықтарын ғана емес, сонымен бірге, бүкіл адамзатты да фашистік құдықтан сақтап қалды.

Совет Одағының, ұлы Қытай Халық Республикасының және Еуропа мен Азиядағы халықтық демократия елдерінің көзіргі уақытта алға басқан жолы ғана адамзатты дүниежүзілік үшінші соғыстың жаптырылуына әкелмей, әлде қайда

★ Село көркемөнерпаздарының облыстық байқауы ★



Қалалық демалыс және тынығу паркінде үстіміздегі жылдың 25-30 июль күндері селолық көркемөнерпаздардың облыстық байқауы болып өтті. Оған облыстың барлық аудандарынан 600-ден астам көркемөнерпаздар қатысты. Байқауда колхоз, совхоз, МТС-тердің механизаторлары, егіншілер мен малшылар, село интеллигенттері өздерінің творчестволық өнерлерін көрсетті. Сонымен бірге, байқауда тың және тыңайған жерлерді игеруге өз еріктерімен келген патриоттар да болды.

Село көркемөнерпаздары быйылғы байқауда өздерінің көркемөнерпаздық шеберліктерін өткен жылдарға қарағанда әлде қайда арттыра түскендігін көрсетті. Быйылғы облыстық байқаудың тағы бір ерекшелігі оған еңбекшілердің кеңінен қатысуында болып отыр. Мәселен, быйылғы байқауға қатысушылар саны өткен жылғыдан біржарым есеге жуық көп.

Байқауда Преснов ауданының көркемөнерпаздары зор табысқа ие болды. Бұл ауданнан келген көркемөнерпаздар коллективінің саны өзге аудандарға қарағанда әлде қайда

байқауда бірінші орын алған болатын. Бұл коллектив селолық көркемөнерпаздардың облыстық байқауына да зор дайындықпен келді. Олар орындаған Оралдың күлдіргі әндері өте жақсы орындалған хордың бірі болды.

Осы аудандағы «Баян» ауылшаруашылық артелінің хоры облыстық байқауда екінші орынға ие болды. Әсіресе, хор коллективі орындаған «Бейбітшілік әні», «Той бастар» әндері өзінің зор творчестволық шеберлікте орындалуымен көрушілерді сүйсіндірді. Сол сияқты, жеке ән орындаған Барқытов, Әлібеков, Чуб, Герт жолдастардың өнерлеріне жұртшылық разы болды.

Булаев ауданының көркемөнерпаздар коллективі быйылғы облыстық байқауға ойдағыдай дайындықпен келді. Аудан коллективі байқау қорытындысында бірінші орынды Преснов ауданымен бөлісіп алды. Бұл ауданнан келген көркемөнерпаздардың ішінде қанша жерлер игеруге өздері тілеп келген патриоттар көп. Әсіресе, Жданов атындағы совхоздан келген тіркеуші Грунская, шофер Грунский, Булаев совхозынан келген

данның біріккен хоры да жақсы көрсеткіштерге ие болған творчестволық коллективтің бірі болды.

Байқауда екінші орынға ие болған Ленин ауданының көркемөнерпаздары, әсіресе, концерт репертуарын ойдағыдай толықтырулары жағынан көзге түсті. Ауданның біріккен хоры және би үйірмесінің орындаған номерлері байқауда сәтті шыққан номерлерінің бірі болды. Көрүшілер Явленко совхозының жұмысшылары Қазықенова мен Смайылова орындаған «Вайсалды тракторшы» әнін сүйсінушілікпен қарсы алды.

Байқауда творчестволық таланттары зор көштерген өнерпаздар бірінші орынға ие болды. Олардың қатарында Соколов орта мектебінің оқушысы Пономарчук, Полудень ауданынан келген Ротанова, Ленин ауданынан келген Тақауинов, Дзержинский атындағы совхоздың жұмысшысы Смирнова жолдастардың аттарын атауға болады.

Селолық көркемөнерпаздардың облыстық байқауы халық таланттарының көптеп өсіп келе жатқандығын аңғартты. Байқауға қатысқандардан 100-ге жуық көркемөнерпаздар

едерін басып алу әрекеті де көзделді. Мұның үстіне, олар Бельгияға, герман протекторатын орнатуды жоспарлады. Германияның билеуші топтары Шығысқа біздің Отанымызды әлсіретіп, бөлшектеудің кең көлемді программасын жүзеге асырмақ болды. Ал, герман саясаты басып алушылардың Англия жөнінде ерекше жооппарлары болған еді. Олар Франция мен Россияға қарсы соғыс кезінде әуелі Англияны бейтараптандырамыз, сонан соң бұл екі державаны басып алып онан кейін европалық континентке үстемдік орнатқаннан кейін Великобританияға шабуыл жасаймыз, оны талқандап, Британияның отарларын басып аламыз деп үміттенді.

Германияның сол кездегі одақтасы — Габсбургтердің «ұлтарақтай» монархиясы деп аталған және халықтардың түрмесі болған Австро-Венгрия Балканды, атап айтқанда, Сербияның есебінен славян территорияларын онан әрі басып алу әрекеттерін жүзеге асырамыз деп үміттенді.

Вильгельмдік Германияның соғысқа қатысқан басқа бір сыйбайласы және итаршысы түрік (оттоман) империясы герман милитаристерінің көмегімен Советтік Закавказьені басып аламыз деп үміттенді. Германия мен оның одақтастары бұл тонаушылық жоспарларды жүзеге асыруға көшпеген жылдар бойы жоспарлы түрде әзірленді. Екінші жағынан, антан-та елдері де соғысқа әзірленді. Жанталаса қарулану бір-біріне қарама-қарсы тұрған державалар топтары арасындағы онсыз да күшті қайшылықтарды шиеленістіре түсті.

Әресе, ағылшын-герман қайшылықтары қатты шиеленісті. Бұл екі державаның дүниежүзілік рыноктерде бәсекелесуі, бұл бәсекеңің теңсіздік, қару-жарақ мәселелерінде де айқын көрінуі империалистік державалардың дүние жүзін жаңадан бөлу мақсатымен өзара қарулы соқтығысуын тудырған басты факторлардың бірі болды. Мұнымен қатар, дүниежүзілік бірінші соғыстың басталуына II Интернационалдың социалистік партиялары дейтіндердің позициясы да қолқабыс еткенін еске салу орынды. Бұл партиялардың басшылары империалистік буржуазияға қызмет етіп, бұқараның санасын социал-шовинизм насихатымен уландырды. Тек біздің партиямыз—Ленин партиясы ғана соғысқа қарсы шықты. Социал-шовинистердің сатқынды әрекетін әшкерелей отырып, бұл партия бұқараны соғысқа қарсы, империалистік буржуазияның үкметін құлату жолындағы күреске жігерлендіріп, ұйымдастырды.

28 июльде Австро-Венгрия Сербияға соғыс жариялады, сөйтіп, Россияны мобилизация шараларын жүргізуге мәжбүр етті. Россиядағы мобилизация шаралары тоқтатылсын деген үзілді-кесілді герман талабын орыс жағы қабылдамай тастағаннан кейін 1914 жылғы 1 августа вильгельмдік Германия Россияға соғыс жариялады. Арада екі күн өткеннен кейін, 3 августа ол Францияға да соғыс жариялады. Бұдан кейін герман қарулы

державаларының билеуші топтары біздің еліміз жөнінде нағыз сұрқыялық қарандық әрекеттер жасады.

Олар социалистік революцияны басып, тұншықтыру, елімізде капитализмді қайта орнатып, елімізді бөлшектеу мақсатымен антисоветтік интервенция ұйымдастырып, контрреволюциялық күштерді қолдады, бірақ, ұлы орыс халқы және еліміздің басқа халықтары Коммунистік партия мен Совет Үкметінің басшылығымен азаматтық соғыстың күйзелістік, аптықтық, интервенцияның ауыр сындырынан жеңіспен өтіп, россиялық контрреволюцияның империалистік интервенцияның қуштерін талқандады. Бұдан кейінгі кезең дүниежүзілік бірінші және екінші соғыстар аралығындағы халықаралық қатынастардың бүкіл тарихы бойында Совет Одағының бейбітшілік жолындағы дәйекті күресі, мемлекетіміздің жаратылысынан және Коммунистік партияның саясатынан туып отырған бұл күрес жаңа соғыс жанжалдарының басталуына кедергі болған аса зор маңызы бар фактор болды.

Совет Одағы соғысты болдыртпауға бағытталған коллективтік хауіпсіздік системасын құрудың инициаторы болды. Оның бұл бағытта жұмсаған күш-жігері көздеген нәтижелерге жете алмады, өйткені, батыс державаларының реакцияшыл билеуші топтарының алысты болжай алмайтын саясаты бұған кедергі болды.

Дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін көп ұзамай батыс державалары американо-монаолияларына тиімді саясатты жүзеге асыра отырып, герман милитаризмін қайта тудыру жолына түсті, сөйтіп, Германияда кекшілдіктің өріс алуына іс жүзінде көмектесті. Дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін Германияны қайта қаруландыру әрекеті батыс капиталының, ең алдымен американо-капиталының тікелей көмегімен өрістетілді. Егер сол кезде батыс державаларының—Великобританияның, Францияның, Америка Құрама Штаттарының билеуші топтары жүргізген және Батыс Еуропаның социалистік партиялары дейтіндердің басшылары қолдаған қылмысты, сонымен бірге ақылға сыймайтын, араласпау деп аталған саясат дүниежүзілік екінші соғысты тудырған герман агрессиясына көмектеспеген болса, герман агрессиясы мүмкін болмаған болар еді.

Дүниежүзілік екінші соғыстың барысында капиталистік мемлекеттердің билеуші топтары көп жағдайда өз елдерінің ұлттық мүдделеріне сатқындық жасады. Мысалы, Франция мен Норвегияда осылай болды. Бұған қарама-қарсы, Европа мен Азия елдерінің халықтары империалистік агрессорларға табанды тойтарыс беріп, өздерінің ұлттық тәуелсіздігі үшін, герман және жапон басқыншылары мен олардың агрессия жөніндегі одақтастарына қарсы ерлік күрес жүргізді. Европа мен Азия халықтарының ұлттық тәуелсіздігі мен өмір сүру жолындағы бүкіл күресі дүниежүзілік екінші соғысқа қатысушылар арасында ұлы Совет Одағы

дың бірден-бір жолы екендігі мүлде айқын. Бұл—халықаралық шиеленісті үнемі бәсеңдету, барлық халықаралық даулар мен жанжалдарды бейбітшілікпен реттеу, халықтардың жалпыға бірдей бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің мүдделері үшін аса маңызды барлық халықаралық проблемаларды шешу жолы.

Бейбітшілік күштерінің Женева кенесінде жеткен жеңісі—Инд-Қытайда бейбітшіліктің қалпына келтірілуі Совет Одағының, Қытайдың және Европадағы халықтық демократия елдерінің бейбітші саясатының дұрыс екендігінің айқын айғағы болып табылады. Индо-Қытайда атысты тоқтатып, бейбітшілікті қалпына келтіру туралы Женевада қол жеткен келісімдер, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге көмектесе отырып, әлі шешілмеген басқа да халықаралық проблемаларды реттеуге қолайлы жағдай тудырды. Мұның ішінде, Совет Үкметінің Женева кенесі туралы мәлідемесінен көрініп отырғанындай, жанталаса қарулануды тоқтату және атом қаруына тыйым салу, Европада коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету және бейбітшілік, демократиялық негізде герман мәселесін реттеу сияқты проблемалар бірінші орында тұр.

Сонымен бірге, осы барлық халықаралық проблемаларды шешу ісін Америка Құрама Штаттарының және американо-ауелдігіне ұшыраған елдердің билеуші топтары жүргізіп отырған саясаттың қыбылдатып отырғаны мүлде айқын. Дүниежүзілік бірінші және екінші соғыстардан туатын тарихтың сабақтарынан американо-монополистік капиталының билеп-төстеушілер ешнәрсе де үйренбеген. Олар қазіргі уақытта, дүниежүзілік бірінші соғыстан кейінгі кездегідей, соғыс 40 жылдың ішінде дүниежүзілік соғыстардың екі рет өртен салған герман милитаризмін қайта тудыру саясатын жүзеге асыруда. АҚШ-тың билеуші топтары дүние жүзіне үстемдік орнатуға тырысып, халықтардың мүдделерін елемей, іс жүзінде жаңа соғыс авантюраларын әзірлеу және бастау мақсаттарына қызмет ететін саясатты жүзеге асыруда.

Бірақ, адамзатты жаңа соғыстардың хауіпін қорғауға бар ынтасымен мүдделі болып отырған халықтар американо-саясатының бұл мақсаттарын көрмей отырған жоқ. Жер шарындағы барлық елдердің қарапайым адамдары дүниежүзілік екінші соғыстан бейбітшілік жолындағы, жанталаса қарулану, ұрыс топтарын қуру, соғыс жанжалдарын әзірлеу және бастау саясатына қарсы күресі жан-жақты күшейту қажет деген қорытынды жасады. Міне, бұған байланысты Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құруға бағытталған Совет Одағының бейбітшілік саясаты халықтардың қолдауы күшейе түсуде. Күннен-күнге еселеп артқан бейбітшілік күштері қараншет мүдделер үшін дүниежүзілік жаңа соғыс өртен тұтатуға тырысып отырған соғыс өртен тұтандырушылардың күштерінен анағұрлым басым және анағұрлым қуатты да.

көп еді. мәселен, осы аудандағы тек «Баян» ауылшаруашылық артелінен облыстық байқауда 27 өнерпаз келді. Преснов аудандық Мәдениет үйі драма үйірмесінің коллективі драматург Миньконың «Фамилиясын атаймай-ақ» пьесасын көрсетті.

Преснов ауданы, Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің хормы өткен жылғы республикалық

түркеушілер Пашельникова және Гайда жолдастар өздерінің талант иесі екендіктерін көрсетті.

Байқауда жақсы көрсеткішке ие болған Возвышен астық совхозының духовой оркестрі коллективінің творчестволық өнерлері де тыңдаушыларды сүйсіндірді. Бұл оркестрдің совхоздың ағаш шебері Степанов жолдас басқарады. Сол сыяқты, ау-

бекшілер депутаттарының облыстық Советінің мақтау грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен наградталды.

СУРЕТТЕ: көркемөнерпаздардың облыстық байқауына қатысқан Преснов ауданындағы «Баян» колхозының хоры.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жолдастық кездесу

Қаладағы «Динамо» стадионында Омскінің «Динамо» ерікті спорт қоғамының футболшылары қаламыздың «Динамо», футбол командасымен жолдастық кездесуі болды.

Омскіліктер бұдан бұрынғы кездесулерде қала жұртшылығына өздерінің шебер ойнайтын ұйымшыл команда екенін көрсеткен болатын.

Кездесудің бірінші күні. Стадион трибунасы халыққа лық толған. Сағат 7-де қонақтармен бірге динамошылар футбол алаңына жүгіре шықты. Төрешінің белгісінен кейін екі команданың футболшылары да ойынға кірісті. Көрушілер бұл жолы да қонақтардың шебер ойынын көреміз ғой деген үмітте еді. Бірақ, олардың бұл үміттері ақталмады. Ойынның алғашқы минуттарынан бастап ақ алаң иелері инициативаны өз қолдарына алды.

Ойынның басым көпшілігі қонақтар қақпасының алдында өтті. Олар тек қана қорғаныспен айналысып, шабуылға шығуға мүмкіндік беретін кезеңдерді өткізіп алып отырды. Алаң иелерінің ішінде қорғаныстағы Сидоров, шабуылшы Федотов

өздерінің шебер комбинацияларымен көзге түсті. Ойынның басталғанына он минут өтпей—ақ Федотов қонақтардың қақпасына алғашқы допты өткізді. Бұдан кейін қонақтар есепті теңестіру үшін күш жұмсады. Алайда, олар бірінші кезеңде бір ғана доп өткізіп, өз қақпаларына тағы екі доп өткізіп алды. Есеп 3:1 болды.

Ойынның екінші кезеңі шиеленіскен күресісіз жағдайда өтті. Екі жақта да қызғылықты комбинациялар болған жоқ. Алаң иелері тағы да екі доп өткізіп, есепті 5:1-ге жеткізді. Сөйтіп олар көп басымдылықпен жеңіске жетті.

Екінші күні қонақтардың өткен күнгі қателерін жойып, жеңіске жетуге тырысқандықтары байқалды. Олардың шабуылшылары қорғаныстағы ойыншылармен тығыз байланыста ойнады. Сол сыяқты, қақпашы да жақсы ойнап, бірнеше хауіпті кезеңдерде қақпаға доп өткізбеуге жетісті. Бұл күні қонақтар 3:2 есебімен қаланың екінші футбол командасын жеңді.

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Колхозшыларға аванс берілу

Петропавл ауданындағы Ворошилов атындағы колхоз үстіміздегі жылдың бірінші жарты жылында мал шаруашылығынан түскен 50 мың сом табыстың төрттен бірін колхозшылардың еңбеккүндеріне авансқа берді.

Колхозда мемлекетке сүт тапсыру жоспары да мерзімінен бұрын орындалды. Колхоз қазірдің өзінде 34 мың литр сүтті мемлекеттік дайындау орындарына сатты.

Сүт саууда колхоз сауыншылары Анна Грязнова, Вера Будакова жолдастар қырыл еңбек етіп жүр. Олар өздеріне берілген әрбір сыйырдан 1300—1400 литр сүт сауды.

Бұл күндері жемшөп дайындауда еңбек ететін колхозшыларға авансқа шөп беріле бастады. Шөп маялаушылар Қимаев, Пилевный, Малахов жолдастар бірінші аванстарын алды.

Г. АБРОСИМОВ.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.

АЗАМАТТАРДЫҢ ЕСІНЕ ССРО САУДА МИНИСТРЛІГІНІҢ СВЕРДЛОВТАҒЫ «СОЮЗПОСЫЛТОРГ» БӨЛІМШЕСІ

Азаматтардың жеке заказдары бойынша оларға мына товарларды посылкамен жібереді:

ГАРМОНДАР — 6 планкалы «Кировский», «Хромка» гармондары футлярмен —	647 с.
ПАТЕФОНДАР — 4 планкалы гармондар футлярсіз	—505 с.
ФОТОАППАРАТТАР — бір пружиналы «Зоркий»	—736 с.
«Киев—2»	—2057 с.
«Киев—3»	—2404 с.
САҒАТТАР — Циферблатын Чистопольск заводы жасап шығарған, ерлердің «Победа» сағаты	—564 с.
Әйелдердің «Звезда» сағаты	—364 с.
«Молния» қалта сағаты	—247 с.
ағаш корпуссты «НЧ—9» сағаттар	—85с.
металл корпуссты «В—6» будельниктер	—45 сом 20 тыйын.
металл корпуссты кірлі қабырға сағаттары	—43 сом 20 тыйын.
САМОВАРЛАР — 5 литрлі	—281 с.

Барлық товарлардың бағасы барлық почта бөлімшелерінде болатын «Союзпосылторгтың» прейскуранттарында көрсетілген.

Товарлар тек оның бағасын жөнелту шығынымен қоса почта арқылы алғаннан кейін ғана жіберіледі. Наложенный платежбен товарлар жіберілмейді. Ұйымдардан заказдар қабылданылмайды.

Товарларды алғызу үшін ақша жібергенде почтамен ақша жіберетін талонға фамилиясын, атын, өкесінің атын және адресін, ал талонның екінші жақ бетіне алғызатын товарының атын және санын түсінікті етіп жазу қажет.

Ақшаны мына адреске жіберуге болады: Свердлов қаласы, Решетников көшесі, 23 үй, «Союзпосылторг».

Киноларда.

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ДҮШПАНДЫҚТЫҢ КУЙРЕУІ»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАВРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МҰНЫ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ»

Сағат 10-30-да басталады.

Петропавлдың нан комбинатына кочегарлар, таспылар, шүтатурлар, жүк тиеушілер, электр слесарьлары, үй сыпырушылар, өндіріс цехтарында жұмыс істейтін жұмысшылар КЕРЕК.

АДРЕС: Петренев көшесі, 61-үй. Кадр бөлімі.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, басшылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.